



SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №23 (95181) 19 маусым 2026 ж.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында Үкімет мүшелері ғарыш саласының қазіргі жай-күйі, іске асырылып жатқан жобалар және даму перспективасы туралы баяндады.

Мемлекет басшысы саланың стратегиялық мәнін атап өтіп, спутниктік байланыс пен ғарыш инфрақұрылымының орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ерекше назар аударды.

Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев экономика мен мемлекеттік басқарудың игілігі үшін спутниктік жүйелерді дамытуға, ғарыш инфрақұрылымын жетілдіруге, сондай-ақ ғарыш деректеріне негізделген қолданбалы шешімдерді енгізуге бағытталған негізгі жобаларды жүзеге асыру жөнінде мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаһандық ғарыш секторы түбегейлі өзгерді. Бұл сала тек ірі державалардың «жабық клубына» тиесілі болған дәуір

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



артта қалды. Бүгінде жеке компаниялар байланыс, хабар тарату, навигация, ғарыш мониторингі, ғылыми зерттеулер және интернетпен қамтамасыз ету секілді қолданбалы бағыттарды белсенді түрде дамытып келеді.

Бұдан бөлек, ғарышты игеру ғылымын ілгерілету мәселелері қаралды. Әсіресе, ғылыми зерттеулерге, соның ішінде астрофизикаға қолдау көрсету қажеттігі атап өтілді. Ұлттық технологиялық және инженерлік әлеуетті нығайтудың маңызды кезеңі саналған «Бәйтерек» жобасын іске асыру барысы оң бағаланды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы халықаралық ынтымақтастық перспективасына тоқталып, Ресей Федерациясымен және басқа да шетелдік серіктестермен стратегиялық ықпалдастықты дамыту қажет екенін айтты. Байқоңыр қаласы мен оған жақын аудандарда тұратын азаматтардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға мән берілді.

Президент Үкіметке ғарыш саласын жаңғыртуды және оның әлеуетін мемлекет мүддесіне тиімді пайдалануды көздейтін бірқатар нақты тапсырма берді.

• **Президент тапсырмаларын жүзеге асыру**

Премьер-министр Олжас Бектеновтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында теміржол саласын дамыту мәселелері қаралды. Жиында көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, «Қазақстан темір жолы» басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов, сондай-ақ Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау Қарағанды, Абай және Жетісу облыстарының әкімдері баяндама жасады.

Олжас Бектенов Мемлекет басшысы еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін нығайтудың кілті саналатын теміржол саласы мен инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөліп отырғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы еліміздің теміржол желілерін барынша дамыту – айрықша маңызды міндет екенін атап өтті. Жаңа теміржол желілерін салу, вагондар мен локомотивтер паркін жаңарту, қолданыстағы жолдарды жаңғырту және вокзалдарды реконструкциялау бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Президенттің тікелей тапсырмасы бойынша биыл бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобаны аяқтау жоспарлануда», — деп атап өтті Премьер-министр.

Биыл аяқталатын жобалар қатарында «Дарбаза – Мақтаарал», «Мойынты – Қызылжар» жолдары бар. Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша аталған желілер бойынша қозғалыс қараша айында іске қосылады, бұл транзиттік тасымал көлемін биыл 55 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Үкімет жүзеге асырылып жатқан жобалармен ғана шектелмей, теміржол инфрақұрылымын дамытудың келесі кезеңін дайындауға кіріседі. Көлік министрлігі, «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазақстан темір жолы» компа-

Үкіметте теміржол саласын дамыту мәселелері қаралды



ниясы келешегі зор инфрақұрылымдық барлық жоба бойынша қаржыландыру көздерін айқындай отырып, техникалық құжаттама әзірлеуі тиіс.

Сондай-ақ мемлекетаралық өткізу пункттері тораптарын кеңейту экспорттық және транзиттік бағыттағы жүк тасымалын арттыруға мүмкіндік беретіні атап өтілді. Осыған байланысты Премьер-министр көршілес елдердің теміржол әкімшіліктерімен бірлескен шешімдер әзірлеу үшін тұрақты жұмыс жүргізуді тапсырды.

Сонымен қатар теміржол вокзалдарын жаңғырту мен реконструкциялау жұмыстарын уақтылы аяқтау мәселесі қаралды. Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша әкімдер нысандарды жаңғырту барысын әр апта сайын тікелей өздері бақылап, бекітілген кесте мен жұмыс сапасын қамтамасыз етуі керек.

Туындаған мәселелер бірден шешімін табуы тиіс. Қайта жаңартылған 30 вокзал 1 шілдеге қарай алғашқы жолаушыларды қабылдауын қамтамасыз етіп, Астана, Алматы және Түркістанның тарихи вокзалдарындағы реставрация-

лау жұмыстарынан басқа, қалған вокзалдар бойынша жұмыстар 1 қазанға қарай аяқтау жоспарлануда.

Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-министр мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдарға бірқатар тапсырма берді:

Бірінші. Вагондар мен локомотивтер паркін жаңарту жоспарлары айқындалды. Инфрақұрылымды одан әрі дамыту қажет. Осы орайда, жүк ағындарын Қазақстан аумағы арқылы қайта бағыттауға мүмкіндік беретін халықаралық терминал желісін кеңейту қажеттігі атап өтілді.

Көлік министрлігі «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп, 2027 жылдың 1 шілдесіне дейін Астана қаласында, сондай-ақ шетелдік Алят, Свислочь және Селятино қалаларында терминал желісін жүзеге асыруды аяқтауға тиіс. Бұдан бөлек Будапешт, Чэнду және Констанца қалаларында жүзеге асыруға кірісу қажет.

Екіншісі. Олжас Бектенов жолаушылар тарапынан вагондардың жай-күйіне қатысты айтылып жүрген шағымдарға жеке тоқталып, Өнеркәсіп министрлігіне

«ҚТЖ» және Stadler компаниясымен бірлесіп, барлық техникалық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, жолаушылар вагондарын қысқа мерзімде жеткізуді қамтамасыз етуді тапсырды.

Осы жылдың соңына дейін теміржол желісіне 215 жаңа локомотив және шамамен 1,5 мың жүк және жолаушы вагоны шығарылады. Сонымен қатар, 1 қыркүйекке дейін отандық өндірістегі 13 мың жүк вагоны мен 500 жолаушы вагонын сатып алудың бесжылдық бағдарламасы бекітіледі.

Үшіншісі. Цифрландыру мен жасанды интеллект теміржол көлігін дамытудың негізгі құралдарына айналуға жетекші елдер оларды пойыз қозғалысын дәл жоспарлау, тоқтап қалуды азайту және желі тиімділігін арттыру үшін пайдалануда. Осыған байланысты Көлік министрлігіне «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп, жыл соңына дейін көлік-логистикалық тізбекті нақты уақыт режимінде басқаруға мүмкіндік беретін бірыңғай цифрлық деректер базасын құру жөнінде шаралар қабылдау тапсырылды.

Министрлік сондай-ақ теміржол көлігіндегі қызмет сапасын арттыруға, транзиттік тасымалдарды ұлғайтуға және экспорттық жүк ағындарын көбейтуге басымдық бермек. Сала дамуына қатысты шешімдер Қазақстан экономикасының ұзақ мерзімді қажеттіліктерін ескере отырып, проактивті түрде қабылданатын болады.

Жалпы үйлестіру Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевқа жүктелді.

Балқаш жағалауында осы жазда екі коммуналдық жағажай қолданысқа беріледі


Жетісу облысында Балқаш көлінің жағалауындағы инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасуда. Жағалауда үш коммуналдық қоғамдық жағажай салынады, оның екеуін осы жазда пайдалануға беру жоспарланған. Бір мезетте шамамен үш мың адам демала алатын алғашқы жағажай шілде айында пайдалануға берілуі тиіс. Ондағы құрылыс жұмыстарының барысымен Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Сарқан ауданына жасаған жұмыс сапарында танысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Коммуналдық жағажайлардың құрылысын жүргізіп жатқан мердігер ұйым өкілдерімен құрылыс барысын талқылаған өңір басшысы бұл жобаның жүзеге асырылуы көл жағалауындағы туризмді дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстың маңызды кезеңі екенін атап өтті.

— Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында Балқаш көлінің жағалауындағы туризмді дамыту бағытында бірқатар шаралар қабылдадық. Алдымен бас жоспар мен елжей-тегжейлі жоспарлау жобасы бекітілді. Одан кейін көлге көлікпен жетуге жағдай жасау мен жағалау инфрақұрылымын дамытуға қатысты бірқатар мәселелер шешілді. Мұнан соң коммуналдық қоғамдық жағажайлардың құрылысы қолға алынды. Бұл жобада суға түсуге қолайлы жағдай жасалған және



демалуға арналған арнайы аймақтармен жабдықталған, абаттандырылған жағалау желісін қалыптастыру қарастырылған. Қазіргі кезде осындай үш жағажай салу жоспарланып отыр. Оның біріншісі шілде айының алғашқы онкүндігінде пайдалануға беріледі, екіншісі — тамыз айында. Үшінші жағажайдың құрылысы биыл басталып, келесі жылдың шомылу маусымы басталғанға дейін аяқталады деп жоспарланып отыр. Бұл коммуналдық жағажайлар халық үшін қолжетімді, жай-



лы әрі қауіпсіз демалысты ұйымдастыру мақсатында салынып жатыр, — деп атап өтті Б. Исабаев.

Еске салсақ, аталған жобаны табысты жүзеге асыру үшін көлге дейінгі 137 шақырым жол қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта жол бойындағы инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасуда. Атап айтқанда, санитарлық тораптар орнатылып, демалыс орындары мен қоқыс контейнерлері орналастырылуда. Сондай-ақ кондиционерлермен және сумен жабдықтау жүйесімен жабдықталған бірнеше жылы санитарлық торап салу жоспарланған. Сонымен қатар Лепсі ауылына кіреберісте 10-нан астам көлікке арналған тұрақ алаңы ұйымдастырылған. Мұнда шағын фуд-аймақ орналастыру көзделген. Қазіргі кезде ана мен бала бөлмесі және басқа да қажетті қызметтік бөлмелері бар жылы дәретхананың құрылысы жүргізілуде. Бұл шаралардың барлығы туристер үшін қолайлы жағдай жасап, Балқаш жағалауына келушілердің жайлы демалуына мүмкіндік беруге бағытталған.

Сонымен қатар ұзындығы 9,3 шақырым болатын жағалау бойындағы автожолдың құрылысы да аяқталуға жақын. Лепсі ауылынан көл жағалауына дейін электрмен және сумен жабдықтау желілері тартылды. Жағалауда 32 шақырым су құбыры, 49 шақырым электрмен жабдықтау желілері және 16 шақырым көріз жүйесі салынды. Бұдан бөлек, көріз-тазарту құрылысы салынууда. Жағалаудың санитарлық жағдайын жақсарту үшін «Балқаш Тазалық» коммуналдық кәсіпорны құрылды. Осылайша, Балқаш көлінің жағалауындағы



туристік инфрақұрылымды дамыту бағытында қысқа мерзім ішінде ауқымды жұмыстар атқарылды.

— Үш коммуналдық жағажай — бұл үлкен бастаманың алғашқы қадамы. Егер қажеттілік туындап, туристер легі көбейсе, қоғамдық жағажайлардың санын кезең-кезеңімен арттыра береміз. Сонымен қатар жеке инвесторлар мен кәсіпкерлер заманауи демалыс базаларын, демалыс аймақтарын, фуд-корттар және басқа да туристік нысандар салуға тартылуда. Жалпы алғанда, алдағы 3—5 жыл ішінде Балқаш көлінің жағалауында Алакөлден кем түспейтін, тіпті одан да қолайлы демалыс жағдайлары жасалады. Өйткені көл жағалауында ретсіз құрылысқа жол берілмейді, — деді облыс әкімі.

Сонымен қатар жалпы аумағы шамамен 7 гектарды құрайтын алғашқы қоғамдық жағажайда 500 автокөлікке арналған үлкен автотұрақ, футбол және волейбол алаңдары, воркаут алаңы, балалар ойын алаңы, беседкалар, орындықтар, санитарлық тораптар, қоқыс жәшіктері, душ кабиналары, киім ауыстыратын орындар, ауызсу субұрқақтары, күнқағарлар мен шезлонгтар, құтқару

мұнарасы және түрлі шағын сәулеттік нысандар орналастырылады. Сондай-ақ арнайы фуд-аймақ қарастырылған. Бұдан бөлек, өкімшілік ғимарат салынып, онда полиция мен төтенше жағдайлар қызметінің бекеттері, медициналық пункт, сондай-ақ ана мен бала бөлмесі жұмыс істейтін болады.

Балқаш жағалауындағы игі бастамаларға қатысты демалушылар да пікір білдірді. Солардың бірі — талдықорғандық Абылай Махмет:

— Қазір Балқаш көліне жету өте ыңғайлы болды. Біз мұнда небәрі бір жарым сағатта жеттік. Жолдың сапасы өте жақсы. Жалпы, мен үшін өз өңірімізде демалған қызық. Жетісудың табиғаты өте көркем әрі алуан түрлі. Әрине, инфрақұрылымның дамып, демалушылар үшін қолайлы жағдайлар жасалып жатқанына қуанамыз. Балқаш жағалауының да абаттандырылып, жаңа, әдемі әрі заманауи келбетке ие болаты-

ны туралы жаңалықты естіп білдік. Мұның бәрі халық үшін жасалып жатыр, бұл өте қуанышты жағдай, — деді ол.

Сарқан ауданы әкімдігінің мәліметінше, Балқаш жағалауындағы инфрақұрылымды дамыту жұмыстары қазірдің өзінде мультипликативтік әсер беруде. Жаңа жұмыс орындары ашылып, аудан экономикасына инвестиция тартылуда. Мысалы, қызықты деректердің бірі — Лепсі ауылында жеке инвестордың қаржысы есебінен ауылдағы алғашқы қонақүй салынып жатыр.

Жалпы алғанда, өңірде қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде алдағы жылдары Балқаш көлі туристерді тартатын негізгі орталықтардың біріне айналады деп күтілуде. Қазіргі таңда маусым кезінде көл жағалауында 50 мыңнан астам адам демалады. Алайда жоспарланған инфрақұрылымдық жобалар толық жүзеге асқаннан кейін мұнда жыл сайын 450 мыңнан астам адамның демалуына мүмкіндік туады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Суретті түсірген:

Ж. МҰСАБЕКОВ, Қ. БАЙДРАҚЫМОВ.

БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІНЕ БИЫЛ «СЕРКЕСАЙ» ЭКОПАРКІН ҚҰРУ ЖҰМЫСТАРЫН БАСТАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Жетісу облысында үш экопарк ашу жоспарланған. Соның бірі Текелі қаласында құрылады. Осыған байланысты облыс әкімі Бейбіт Исабаев қала әкіміне жалпы аумағы 21 гектарды құрайтын «Серкесай» экопаркін құру жұмыстарын ағымдағы жылы бастауды тапсырды. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Текелі қаласының тұрғындарымен кездесуінде айтылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

— Текелі қаласының табиғи-рекреациялық әлеуеті туризмді дамытуға зор мүмкіндік береді. Президент тапсырмаларын орындау аясында біз тарапымыздан барлық қажетті қолдау



көрсетілуде. Атап айтқанда, дербес туризм бөлімі ашылды. Енді осы бағытта нақты шаралар қабылдануы тиіс. Заманауи талаптарға сай жаңа қонақ үйлер мен

демалыс орындарын салу керек. Сонымен қатар экологиялық туризмді дамыту аясында «Серкесай» экопаркін құрудың жобалық-сметалық құжаттамасын және өзге де қажетті құжаттарды әзірлеп, биыл бастау керек. Жалпы, туристік бағытты жандандыру арқылы қала экономикасының өсімін қамтамасыз етуді тапсырамын, — деген Б. Исабаев Текелі қаласының әкімі А. Әділге туризм саласын дамыту мәселесін жеке бақылауына алуды міндеттеді.

Белгілі болғандай, алдын ала жоспар бойынша экопаркте фотоаймақ, серуендеу аймағы жасалады, орындықтар, бағыттау белгілері, санитарлық тораптар қойылады және басқа да абаттандыру

жұмыстары атқарылады. Бұл ретте облыс әкімі паркті абаттандыруда бірыңғай стильдің сақталуына назар аудару қажеттігін айтты.

Атап өтсек, бүгінде Текелі қаласында 22 туристік нысан жұмыс істейді. Өткен жылы ішкі туризм аясында 19,8 мың келушіге жалпы сомасы 570 млн теңгенің туристік қызметтері көрсетілді. Ал биыл қалаға шамамен 24 мың турист келеді деп күтілуде. Жеке инвестициялар есебінен бірнеше ірі жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 50 коттедждің құрылысы басталып, сақ моншалары, ойын-сауық кешені және бірқатар қонақ үйлер пайдалануға берілді. Сонымен қатар қосымша жоба аясында глэмпингтер мен демалыс аймақтарын орналастыру көзделіп отыр.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысында «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында тағы екі ерікті өрт сөндіру бекеті пайдалануға берілді. Өрт сөндіру техникасының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге, өртке жедел ден қоюға, сондай-ақ өрт ошақтарын тиімді сөндіріп, адамдарды құтқаруға бағытталған нысандар Қаратал ауданындағы Көлпе және Көпбірлік ауылдарында ашылды. Осылайша өңірдегі мұндай өрт сөндіру бекеттерінің саны төртке жетті. Нысандар жергілікті бюджет қаражаты есебінен салынды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, полковник Қанат Алтынбековтің айтуынша, өңірде жалпы саны 26 өрт сөндіру бекетін шалғай елді мекендерде ашу жоспарланған. Оның алғашқы екеуі өткен жылы пайдалануға берілген болатын. Ал Көлпе, Көпбірлік ауылдарындағы жаңа бекеттер ашылғаннан кейін олардың саны төртке жетті.

Барлық бекеттер қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Мұнда өрт сөндіру техникасы, арнайы киім-кешек, байланыс құралдары және өзге де қажетті жабдықтар бар. Сондай-ақ диспетчерлік бөлім, демалыс және қызметтік-тұрмыстық бөлмелер, жеке құрамның тұруына арналған орынжайлар, техникаға арналған бокс қарастырылған. Жуырда осындай заманауи өрт сөндіру бекеттері Ақсу ауданында да ашылады, – деді Қ. Алтынбеков.

Жергілікті тұрғындар бұған қатысты ой бөлісті.

– Кеңес заманында біздің ауылда шлакоблоктан салынған ғимаратта

ЖЕТИСУДА ТАҒЫ ЕКІ ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

орналасқан шағын өрт сөндіру бекеті жұмыс істейтін, онда бір ғана ГАЗ маркалы өрт сөндіру көлігі болған. Бүгінде оның орнында заман талабына сай заманауи өрт сөндіру бекеті салынды. Ауылымыз дамып келеді, жаңа үйлер салынып жатыр, маңайда көптеген шаруа қожалықтары орналасқан. Ал халық қоныстанған және шаруашылық қызметі қарқынды жүргізілетін жерде түрлі төтенше жағдайлардың, соның ішінде өрттің туындау қаупі әрдайым болады. Сондықтан мұндай нысанның ашылуы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы маңызы зор болады деп білеміз, – деді Көлпе ауылының тұрғыны Эдик Малайсаринов.

Жалпы, Көлпе ауылында ашылған ерікті өрт сөндіру бекеті маңайдағы үш елді мекеннің – Көлпе, Қанабек, Қарашеңгел ауылдарының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бұл ауылдарда жалпы саны үш мыңға жуық адам тұрады.

Ал Көпбірлік ауылындағы өрт сөндіру бекеті Көпбірлік, Қарақұм және Ақжар ауылдарының тұрғындарына қызмет көрсетеді. Аталған үш елді мекендегі халық саны шамамен 1740 адам.

Айта кетейік, «Ауыл құтқарушылары» ведомстволық бағдарламасы азаматтық қорғау жүйесін дамытуға, өртке қарсы қызметтің материалдық-техникалық базасын нығайтуға және еліміздің шалғайдағы елді мекендерінде өрт қауіпсіздігі деңгейін



арттыруға бағытталған.

Жетісу облысында аталған бағдарламаны іске асыру аясында ауылдық өрт сөндіру бекеттерін кезең-кезеңімен құру жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, 2025 жылы осындай нысандар Қаратал ауданының Алмалы және Ескелді ауданының Ақын Сара ауылдарында ашылған болатын. Бұл бекеттердің қызметі өрт пен өзге де төтенше жағдайларда жедел әрекет етуде өз тиімділігін көрсетті.

Көлпе және Көпбірлік ауылдарында жаңа өрт сөндіру бекеттерінің ашылуы ауылдық аумақтардың қауіпсіздік жүйесін нығайтуға және халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған кезекті маңызды қадам деуге болады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

Суретті түсірген: Ж.МҰСАБЕКОВ, сондай-ақ фотоматериалдар

Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаменті тарапынан ұсынылды.

Жас орманшы МАРАПАТТАЛДЫ!

5 маусым күні Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай Астана қаласындағы Министрлік үйінде салтанатты іс-шара өтті. Іс-шара барысында Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев экологтарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды сақтау жолындағы елеулі еңбегін ерекше атап өтті.

Мерекелік жиын аясында табиғатты қорғау ісіне белсенді атсалысып жүрген жас ұрпақ өкілдері де назардан тыс қалмады. Атап айтқанда, Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінен «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Теректі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 11-сынып оқушысы, «Эдельвейс» мектеп орманшылығының белсенді мүшесі Жанатай Самал Жанатқызы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жанатай Самал 5-сыныптан бастап Теректі орта мектебінің «Эдельвейс» мектеп орманшылығының мүшесі болып табылады. Бұл бағытта ол экологиялық тәрбие мен қоршаған ортаға ұқыпты қарауға ерекше қызығушылық танытады. Мектеп пен «Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ ұйымдастыруымен өткізілетін табиғатты қорғау акциялары мен экологиялық іс-шараларға тұрақты түрде қатысып, жүлделі орынға ие болып, табиғатты қорғау мәселелеріне жауапкершілікпен қарайтынын көрсетіп келеді.

Бұл марапат Самалдың табиғатты қорғау, орман байлығын сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы белсенді еңбегінің нәтижесі болып табылады. Ол мектеп орманшылығының жұмысына тұрақты қатысып, түрлі экологиялық акциялар мен жобаларда белсенділік танытып келеді. Самалды жоғары марапатымен құттықтап, алдағы уақытта да табиғат жанашыры ретінде толағай табыстар тілейміз!

А. РАМАЗАНОВА,

«Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ экологиялық ағарту инженері.



Зайырлы мемлекет пен дәстүрлі діннің құндылықтары

Қазақстан – зайырлы, құқықтық және демократиялық мемлекет. Зайырлылық қағидаты еліміздің тұрақтылығы мен қоғамдық келісімінің берік негізі болып табылады. Бұл қағидат мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынасын реттеп, әр азаматтың ар-ождан бостандығын қамтамасыз етеді.

Зайырлы мемлекет дегеніміз – дінге құрметпен қарай отырып, ешбір дінді мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде мойындамайтын мемлекет. Мұндай жүйеде барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтары тең қорғалады. Әр адам өз діни сенімін ұстануға немесе ешқандай дінді ұстанбауға ерікті.

Дәстүрлі діндер қоғамның рухани және мәдени дамуына үлкен үлес қосады. Олар адамгершілік, мейірімділік, адалдық, әділдік, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу сияқты асыл құндылықтарды дәріптейді. Бұл құндылықтар қоғамдағы татулық пен өзара сыйластықты нығайтуға ықпал етеді.

Қазақстанда әртүрлі этнос пен конфессия өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Бұл – еліміздегі конфессияаралық келісім мен өзара түсіністіктің нәтижесі. Мемлекет діни сенім бостандығына кепілдік бере отырып, қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтауға ерекше көңіл бөледі.

Зайырлылық пен дәстүрлі дін бір-біріне қарсы ұғымдар емес. Керісінше, олардың ортақ мақсаты – қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау, рухани құндылықтарды дәріптеу және азаматтардың игілігі...

Қорытындылай келе, зайырлы мемлекет пен дәстүрлі діннің құндылықтары өзара үйлесім тауып, қоғамның бірлігі мен дамуына қызмет етеді. Бұл құндылықтарды сақтау – еліміздің жарқын болашағының кепілі.

Жомарт ИГІМАН,

Қазақстанның Құрметті журналисі.

• 21 маусым - Медицина қызметкерлерінің күні

МЕДИЦИНА КӘСІБІ - МАМАНДЫҚТЫҢ АСЫЛЫ

Маусым айының үшінші жексенбісі – медицина қызметкерлері күні. Бұл – адам өмірі мен денсаулығын қорғау жолында аянбай еңбек етіп жүрген ақ халатты абзал жандарға құрмет көрсететін ерекше күн.

Дәрігер болу – үлкен жауапкершілікті, білімді, сабырлылықты және жүрек жылуын талап ететін қасиетті мамандық. Себебі медицина қызметкерлерінің әрбір атқарған ісі, әрбір қабылдаған шешімі адам тағдырымен тығыз байланысты.

Жалпы дәрігерлер мен медицина мамандарының еңбегі ерекше бағалауға лайық. Олар күн-түн демей тұрғындарға медициналық көмек көрсетіп, халықтың денсаулығын нығайтуға өз үлестерін қосып келеді. Науқастың жанынан табылып, жылы сөзімен демеу беру де – медицина қызметкерінің үлкен адамгершілік қасиеті.

Бүгінде денсаулық сақтау саласында еңбек етіп жүрген мамандар заманауи білім мен тәжірибені ұштастырып, халыққа сапалы қызмет көрсетуге күш салуда. Олардың кәсіби біліктілігі мен мейірімділігі талай жанға үміт сыйлап, өмірге деген сенімін арттырады.

Сарқан аудандық орталық ауруханасы өзінің тарихын сонау 1920 жылдан бастау алып, өңір халқына ғасырдан астам уақыт медициналық көмек көрсетуде. Аурухана құрылымында 27 мекеме, оның ішінде 1 аудандық аурухана, 1 ауылдық аурухана, 7 дәрігерлік амбулатория, 5 фельдшерлік – акушерлік пункт, 13 медициналық пункт бар. Қазіргі таңда өңірдегі 35 мыңға жуық халыққа аудандық ауруханадағы 83 дәрігер, 310 орта буын қызметкері медициналық көмек көрсетеді. Жыл сайын ауруханада жас мамандар қатары көбеюде. Халыққа сапалы медициналық көмек көрсету мақсатында заман талабына сай дәрігерлер шет елге тәжірибе алмастыруға жолдануда. Мәселен 2025 жылы М.Байғалиев, М.Булегенов Түркия елінің Стамбул қаласында білімін жетілдірсе, А.Макенова, Ж.Доланбаева, О.Байжанов, З.Иманғалиева сынды мамандар Антальяда білім алмастырып қайтты. Ал Ж.Беделхан, А.Қанатбек, Л.Молдабек пен А.Кәрібаева Чехияның

Прага қаласында білім алып, біліктіліктерін ұштап, мол тәжірибемен оралды.

Денсаулық сақтау саласын сөз еткенде алдыңғы буынның ерен еңбегін, өнегелі өмір жолдарын сөз етпей кету мүмкін емес. Осы орайда медицина мамандығын асыл тұтып, өмірін осынау саламен бірге өрген ауруханамыздағы еңбегі сіңген қызметкерлер С.Тулгенова, Р.Алиева, Н.Поповичева, В.Ументаева,

сенім ұялатады.

Сарқан ауданының денсаулық сақтау саласын дамытуда жас мамандардың үлесі зор. Атап айтсақ, Л.Молдабек, А.Қанатбек, М.Жуванышева, М.Шарипов, Ж.Беделхан, Н.Қаржамбай, Н.Сатпаев, А.Атчебарова, Ә.Жүнісбай,



К.Ахметова, Г.Шымырбаева, С.Отеулинова, У.Нургалиева, Г.Садвакасова, Р.Шалбаева, К.Рамазанова, С.Бейсебаева, Г.Калиева және басқалар біздің мақтанышымыз.

Сондай-ақ ұрпақтар сабақтастығын сақтап, аға буынның ерен еңбегін лайықты жалғап, өнегелі өткенге көлеңке түсірмей келе жатқан жастардың барлығы көз қуанытып, ертеңімізге деген көңілімізге

Н.Сапарғалиқызы, А.Әділхан, Д.Жапаров, М.Нурахимов, М.Мұхаметхан, Б.Дүйсенбеков.

Ауданның денсаулық сақтау саласының материалдық - техникалық базасы жылдан жылға нығаяуда, ауруханада сапалы медициналық көмек көрсетуге арналған заманауи қондырғылар бар, олар компьютерлік томография, ультратыдыбыстық зерттеу аппараттары,



фиброгастроскоп, лапароскопиялық қондырғы, лабораториялық зерттеу аппараттары. Шалғай ауылдарда профилактикалық тексеру жүргізуге арналған медициналық кешен автобусы бар. Шұғыл жағдайда аудан орталығына науқастарды жеткізуге 2024 жылы 4 санитарлық көлік алынса, былтырғы жылы 3 санитарлық көлік науқастарға қалтқысыз қызмет етуге қатарға қосылды.

"Ауылдық денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту" ұлттық бағдарламасы аясында 2025 жылы Ақтұма, Қарғалы, М.Төлебаев ауылдарында фельдшерлік - акушерлік пункттер жаңадан бой көтерді. Болашақта өңір халқының денсаулығын нығайту, оларға сапалы медициналық қызмет көрсету жолында еңбек ете береміз.

Дәрігерлер, мейірбикелер және барлық медицина саласының қызметкерлері халықтың саулығы үшін аянбай қызмет етеді. Олар әрбір науқастың жағдайына алаңдап, дер кезінде көмек көрсетіп, талай жанға өмірге деген үміт сыйлайды. Медицина қызметкерлері күні – ақ халатты жандардың еңбегін бағалап, оларға алғыс айтатын сәт. Барша медицина мамандарына, ардақты әріптестеріме мықты денсаулық, отбасы амандығын, еңбектеріне береке және кәсіби табыс тілейміз. Халық игілігі жолындағы қажырлы еңбектеріңіз әрдайым құрметке бөлене берсін!

Алтай ШҰЛҒАУБАЕВ,
Сарқан аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері.



Жетісу облысында ауылдық жерлерге жұмысқа орналасатын дәрігерлер үшін ең ірі төлемдердің бірі - 10 миллион теңге беріледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев Жетісу облысына жұмыс сапарымен келді. Баспасөз мәслихаты барысында ол елдегі және өңірдегі денсаулық сақтау жүйесін дамытудың негізгі қорытындыларына тоқталып, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру бағытында іске асырылып жатқан шаралар туралы баяндады.

10 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ БЕРІЛЕДІ

Бірінші вице-министрдің мәлімдеуінше, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда күтілетін өмір сүру ұзақтығының рекордтық көрсеткіші тіркелген. Бұл көрсеткіш 75,97 жасқа жетіп, бүкіл бақылау тарихындағы ең жоғары деңгейді көрсетті. Жетісу облысында аталған көрсеткіш 75,71 жасты құрап, бір жыл ішінде 0,74 жасқа өскен.

Елімізде нәресте өлімінің көрсеткіші де тұрақты түрде төмендеп келеді. Жыл қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 14 пайызға азайып, тарихи ең төменгі шегіне жетті. Жетісу облысында нәресте өлімі 8,8 пайызға кеміді.

Басқа да көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады. Қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім 5 пайызға, ал жазатайым оқиғалардан, уланулар мен жарақаттардан болатын өлім деңгейі 6 пайызға төмендеді. Бұл ретте туберкулезден болатын өлім-жітім көрсеткіші бұрынғы деңгейде сақталды.

Медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында жалпы тәжірибелік дәрігерлердің қабылдау уақыты ұзартылып, медбикелердің өкілеттіктері кеңейтілді және онлайн-жазылу жүйесі

енгізілді. Осы шаралардың нәтижесінде дәрігердің қабылдауын күту уақыты екі аптадан екі-үш күнге дейін қысқарды.

Сондай-ақ скринингтік бағдарламалардың аясы кеңейтілді. Тексеруден өтудің жас шегі 70-тен 76 жасқа дейін ұлғайтылды. Ерлер үшін инсульт қаупін ерте анықтауға бағытталған жаңа скрининг түрі енгізілді.

Бұдан бөлек, онкологиялық скринингтер МӘМС жүйесінен кепілдік берілген тегін медициналық көмек көлеміне ауыстырылды.

Цифрландыру саласында медициналық құжаттаманы жүргізуді автоматтандыруға мүмкіндік беретін ALIMA жүйесі енгізілуде. Бүгінгі таңда бұл жүйемен алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 9 мыңға жуық дәрігер қамтылды.

Медициналық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Қазақстанда 34 облыстық көпбейінді және аудандық аурухана, сондай-ақ 19 перинаталдық орталық жаңартылуда. Сонымен қатар, ревматология, нефрология, гастроэнтерология және респираторлық медицина бағыттары бойынша төрт ұлттық орталық

құрылды. Саланы білікті кадрлармен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінуде. Жыл сайын 5685 білім беру гранты бөлінеді. Жетісу облысы үшін 2025 жылы резидентураға 100 грант қаралған. Өңірге 58 жас маман тартылды.

Медицина қызметкерлерін қолдау мақсатында 8,5 миллион теңгеге дейін көтерме жәрдемақы төлемдері, жеңілдікті тұрғын үй несиесі және басқа да әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылған.

2025 жылы мұндай көмекке ел бойынша 1760 дәрігер ие болды. Жетісу облысында 89 дәрігерге қолдау көрсетілсе, тағы 34 медицина қызметкері баспанамен қамтамасыз етілді.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жедел жәрдем, инфекциялық қызмет және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет қызметкерлері үшін жалақының 30 пайызына дейінгі мөлшерде қосымша үстемеақылар енгізіледі.

Сонымен қатар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін дамыту ісі жалғасып жатыр. 2025 жылғы шілдеде денсаулық сақтауды қаржыландырудың негізінен сақтандыру моделіне көшуін көздейтін заң қабылданды.

Басты жаңашылдықтардың қатарында - әлеуметтік осал санаттағы жұмыссыз азаматтарды жергілікті бюджет есебінен сақтандыру мәртебесімен қамтамасыз ету, медициналық қызметтердің сапасын бақылауды күшейту және қадағалаушы органдардың өкілеттіктерін кеңейту шаралары бар.

МЕНИҢ ЕЛІМ – МЕНИҢ РӘМІЗДЕРІМ

Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіз Қазақстанның айбыны мен абыройын әлемге танытатын қасиетті құндылықтар. Олар – халқымыздың еркіндікке деген ұмтылысының, ел бірлігі мен ұлттық рухының жарқын белгісі. Көк байрақ, айбынды Елтаңба және асқақ Гимн әрбір қазақстандықтың жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін оятады. Мемлекеттік рәміздер – өткен тарихымызды, бүгінгі жетістіктерімізді және жарқын болашағымызға деген сенімді бейнелейтін тәуелсіздігіміздің мәңгілік нышандары.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері 1992 жылдың 4 маусымында ресми түрде бекітілді. Бұл күн еліміздің тарихындағы маңызды белестердің бірі болып саналады. Мемлекеттік Тудың авторы – суретші Шәкен Ниязбеков. Көк түсті Ту – бейбітшілік пен тұрақтылықтың, ашық аспан мен жарқын болашақтың белгісі. Тудағы алтын күн – өмірдің, молшылық пен берекенің символы болса, қыран бүркіт – азаттықтың, биік мұраттар мен тәуелсіз рухтың көрінісі. Ал Тудың сол жағындағы ұлттық өрнек халқымыздың бай мәдени мұрасы мен ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін айшықтайды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Елтаңбасының авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. Елтаңбаның алтын арқауына айналған шаңырақ – еліміздегі татулық пен бірліктің, ортақ үйіміз – Қазақстанның жарқын бейнесі. Шаңырақтан жан-жаққа тараған уықтар күннің шапағындай сәуле шашып, сан түрлі ұлт пен ұлысты бір мақсатқа ұйыстырған халқымыздың ынтымағы мен берекесін білдіреді. Ал қанатты пырақтар – еркіндікке құштар рухтың, асқақ арман мен жарқын болашаққа деген ұмтылыстың символы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні – ел рухын асқақтатып, жүректерге патриоттық сезім ұялататын қасиетті туынды. Гимнің сөзін жазған ақын Жүмеке Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев, ал әуенінің авторы – қазақтың көрнекті сазгері Шәмші Қалдаяқов.

Мемлекеттік Гимнің тарихы халқымыздың мәдени мұрасымен тығыз байланысты. Осы орайда қазақ музыка өнерінің көрнекті өкілі, жерлесіміз, әйгілі композитор Мұқан Төлебаевтың есімін ерекше атап өткен жөн. 1945 жылы

қабылданған Қазақ КСР-інің алғашқы Мемлекеттік Гимнінің музыкасын Мұқан Төлебаев композиторлар Евгений Брусиловский және Латиф Хамидимен бірлесіп жазды. Бұл шығарма қазақ кәсіби музыка өнерінің биік жетістігін көрсетіп, ұлттық мәдениеттің дамуына зор үлес қосты. Мұқан Төлебаевтың шығармашылық мұрасы бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның рухани қазынасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Гимн шырқалған сайын әрбір қазақстандықтың жүрегінде туған жерге деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі оянып, ел тәуелсіздігінің қадір-қасиеті айқын сезіледі.

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай музейімізде «Менің елім – менің рәміздерім» атты тақырыптық экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсия барысында қатысушылар Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұранның шығу тарихымен танысып, олардың терең мазмұны мен тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы ерекше маңызы туралы құнды мәліметтер алды.

Іс-шараға К.Д. Ушинский атындағы орта мектептің 4-сынып оқушылары қатысып, мемлекеттік рәміздердің тарихына саяхат жасап, олардың әрқайсысында халқымыздың өткені, бүгінгі мен болашағы көрініс тапқанын білді. Оқушылар танымдық сұрақтарға белсене жауап беріп, Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге адалдық және ел рәміздеріне деген құрмет жайында өз ойларымен бөлісті. Мұндай тағылымды іс-шаралар жас ұрпақтың жүрегіне патриоттық рух дарытып, туған еліне деген мақтаныш сезімін нығайтады. Өйткені Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – Тәуелсіз Қазақстанды құрметтеу, ал Отанын қадірлейтін ұрпақ – ел болашағының берік кепілі. Көк Туымыз әрдайым бейбіт аспан астында желбіреп, Елтаңбамыз ел бірлігінің нышаны болып, Гимніміз халқымыздың рухын асқақтата берсін! Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, мерейі үстем, келешегі кемел болғай!

Диана ТУНГАТОВА,
Мұқан Төлебаевтың тунмориалды музейінің экскурсия жүргізушісі.

•Ұлттық қор - балаларға

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУҒА 58 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫНА ЖУЫҚ ҚАРАЖАТ ЖҰМСАДЫ

2026 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша бағдарлама іске қосылған 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап нысаналы жинақтарды (НЖ) пайдалануға берілген 316 223 өтініш орындалып, жалпы сомасы 57,88 миллион АҚШ долларына жуық қаражат өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударылды. Өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй жағдайын жақсартуды көздейді: 36,94 млн АҚШ доллары сомасына 201 245 өтініш орындалды. Білім беру ақысын төлеу үшін 20,94 млн АҚШ доллары сомасына 114 978 өтініш орындалды.

НЖ алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Егер қаражаттың бір бөлігі талап етілмесе, қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) 10 жыл бойы сақталады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаты – одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (36,23 млн АҚШ долларына 196 893 өтініш). Сонымен қатар тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарна ретінде енгізу үшін 1 498 өтініш беріліп, олар бойынша 248,94 мың АҚШ доллары аударылса, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алуға (түпкілікті есеп айырысу) – 156,59 мың АҚШ долларына 989 өтініш орындалды.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (19,68 млн АҚШ долларына 106 315 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (842,16 мың АҚШ долларына 5 947 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен

(әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (319,33 мың АҚШ долларына 2 114 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен eprf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық бір балаға 130,71 АҚШ доллары кезекті есептеу жүргізілді. 2024 жылы – 129,38 АҚШ доллары, 2023 жылы – 100,52 АҚШ доллары мөлшерінде қаражат аударылған болатын.

18 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын Ұлттық қордан бөлінетін сомалар олардың БЖЗҚ-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте, заңнамаға сәйкес, жас қазақстандықтарға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында қалады және инвестициялануын жалғастырады. Одан әрі инвестициялау нәтижесінде жыл сайын әрбір баланың нысаналы талаптарының сомасы алынған инвестициялық табыс есебінен қосымша өседі.

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балада барлық жинақталған нысаналы талаптардың жиынтық сомасы (жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық кірісті қоса алғанда):

- үшінші жыл - 370 доллар 56 цент;

- екінші жыл - 263 доллар 93 цент;

бірінші жыл қатысып отырған баланың шотында 130 доллар 71 цент.

18 жасқа толмаған баланың бағдарламаға қатысуы туралы ақпаратты оның ата-анасы және өзге де заңды өкілдері kids.eprf.kz сайтында баланың ЖСН бойынша, eGov.kz электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетте, сондай-ақ eGov Mobile және кейбір екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында тексере алады.

Егер балаларға 2025 есепті жылы есептелген нысаналы талаптар туралы ақпарат көрсетілмесе, онда мобильді қосымшалардағы құжаттарды төменде

көрсетілген жолмен жаңарту қажет:

-eGov Mobile қосымшасында: "Цифрлық құжаттар" - "Отбасы" - "Құжаттар тізімін жаңарту" - "Ұлттық қордан есептеулер";

-екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында, мысалы Kaspi.kz: "Мемлекеттік қызметтер" - "Барлық құжаттар" - "Құжаттар тізімін жаңарту" - "Ұлттық қордан есептеулер".

Биыл 18 жасқа толған немесе толатын балаларға есептелген нысаналы талаптар туралы мәліметтердің заңды өкілдің жеке кабинетінде көрсетілмеуі нысаналы талаптардың нысаналы жинақтарға (НЖ) айналуына байланысты. Осыған орай, есептелген қаржы туралы ақпаратқа қол жеткізу құқығы тікелей НЖ алушыға, яғни 2026 жылы 18 жасқа толған немесе толатын азаматқа беріледі. Аталған азаматтар НЖ туралы ақпаратты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры интернет-ресурсындағы немесе электрондық үкімет порталындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс. Ал 18 жасқа толғаннан кейін НЖ төлемдерін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында алу үшін уәкілетті операторға жүгініп, АҚШ долларымен банктік шот ашып, онлайн-өтініш беруі қажет.

Бүгінгі күні уәкілетті операторлар: -"Отбасы банк" АҚ (тұрғын үй және білім алу ақысын төлеу), -"Халық банк" АҚ (білім алу ақысын төлеу), -"Банк ЦентрКредит" АҚ (білім алу ақысын төлеу).

Нысаналы талаптарға қатысушы кәмелетке толмаған балалар және нысаналы жинақтарды кәмелетке толған алушылар бойынша, сондай-ақ нысаналы жинақтарды тұрғын үйге және (немесе) білім алуға пайдалану жөніндегі статистикамен eprf.kz сайтында танысуға болады.

kids.eprf.kz сайтында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады.

"БЖЗҚ" АҚ баспасөз орталығы.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЕГУЛЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Профилактикалық екпелер - инфекциялық аурулардың алдын-алу мақсатында жүргізілетін тиімді әдіс. Жалпы инфекциялық аурулардан қорғау үшін алдын-ала егу - инфекциялық ауруларға қарсы төзімділікті туындатып, біздің иммунды жүйемізді нығайтып, ауруларға қарсы қорғаныс факторлары (антиденелер) пайда болады. Ал бұл қорғаныс факторлары біздің ағзамызға сол инфекциямен ауырғанда немесе оған қарсы екпе жасатқанда түзіледі. Әртүрлі жұқпалармен ауырып, ағзамызда әртүрлі асқинуларға жол бергенше оған қарсы екпе алған тиімді. Халыққа профилактикалық егуді жүргізу үшін елімізде тіркелген және қолдануға рұқсат берілген вакциналар пайдаланылады. ҚР - да №612 қаулымен бекітілген егу жұмыстары Ұлттық күнтізбеге сай 12 жоспарлы егу, 9 жоспардан тыс профилактикалық екпелер жүргізіледі. Барлық екпелер егілетін адамнан, кәмелетке толған баланың ата-анасынан вакцинация жүргізуге ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін жүргізіледі.

Жалпы вакциналардың сол қоздырғышқа (вирус немесе бактерия) қарсы әсер ететін екі түрі бар, өлі және белсенділігі төмендетілген вакциналар бар. Бұл вакциналар аурудың пайда болуына және әртүрлі асқинуларға жол бермеуге әсерін тигізеді. Вакциналардың көбісі инъекция түрінде және пероральды, яғни ауыз арқылы жүргізіледі.

Өз балаларына егуден бас тартатын Ата – аналарға! Егуден бас тартпас бұрын емдеу мекемесінің қызметкерлерінен егудің маңыздылығы, егуден бас тартқан жағдайда, оның салдары неге әкеліп соғатынын біліп, толық ақпарат алғаныңыз дұрыс. Екпеден тек жеке адамға ғана қорғаныс түзілмейді, екпенің нәтижесінде ұжымдық иммунитет пайда болады. Ал ұжымдық иммунитет жұқпалы аурулардың таралуының алдын-алуда маңызы күшті екенін түсіну қажет. Елімізде екпелердің нәтижесінде полиомиелит ауруынан азат ел болсақ, соңғы бірнеше жыл ішінде балалар арасында гепатит ауруының «А» түрі аздап тіркелуде. Вирусты гепатит ауруы бауырды зақымдап, циррозға немесе қатерлі ісікке алып келеді. Ал цирроз бен қатерлі ісік, білесіздер, өлімге әкелуі мүмкін. Құрметті ата-аналар балаларыңыздың денсаулығына жауапкершілікпен қараңыздар!

Өз уақытында жүргізілген вакцинация-біздің қоғамдағы қорғаныс құралымыз!

А. ЖАРТЫБАЕВА,
Сарқан аудандық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.



Күлтөлеу МҰҚАШ

– Сирень де гүлдеді, – деді Сәкең. – Иісін қарашы. Керемет! Ал, мұны қазақша не дейтінін білесің бе?

Бұл – Сағат Әшімбаевпен екінші кездесу сәтіміз еді. Содан бері де, мінеки, оншақты жыл өтіпті.

Бірінші рет ыңғайсыздау бір жағдайда жүздесіппін.

1982 жылдың жазы. Студентпіз. Құрылыс отрядының жұмыстарын аяқтап, қолға біраз тиын-тебен түсіп, екі жолдас табысымызды «жумақ» болып, біраз шарап, тістеме алып, дүкеннен шығып келе жатыр едік, курсымыздың кураторы ұшырасып:

– Оу, мына жүрістерің не?! Әуезов театрында орыс әдебиетінің Қазақстандағы онкүндігі басталды. Бүкіл қазақ, орыстың ақын-жазушысы сонда. Ғажап кітап базары болып жатыр. Сол жерде жүретін адамсыңдар ғой! Өттен, менде уақыт жоқ, – деген соң салып ұрып әдебиетшілердің мәжілісіне жеттік.

Басталып кеткеніне бірталай болған екен, дәлізде кездескен Қалаубек Тұрсынқұлов ағамыз:

– Бұл сендерге проходной двор емес! – деп кіргізісі келмеді.

Қайырылыста әлдекімдермен әңгімелесіп тұрған Шона Смаханұлы кілт бұрылып:

– Өзіміздің КазГУ-дің балалары ғой бұлар. Филолог, не журналистер шығар. Бөтен адам жүре ме, – деген соң ғана Қалаған:

– Жарайды, ақырын өтіп кетіндер! – деді қабағын түйіп.

Кіре сала кітап алдық. Алты-жеті кітапты құшақтап айнала бергенімде, орыс жазушыларының жұбайлары болуы керек, бір топ әйел:

– Қазақша шығармаларды талап әкеліп жатыр. Неткен бақытты жазушылар! – деді қолымыздағы кітаптарға көздерін сата қарап.

Мен іштей: «Сонда орыс жазушыларының кітаптары мұнша өтпейтін болғаны-ау!» – деп таңырқадым.

Қаламгерлер үзіліске шыға бастады. Жол-жөнекей Ғафу Қайырбековтен, Софы Сматәвтан, Сайын Мұратбековтен қолтаңба алып үлгердік. Содан соң әлдебір орыс жазушысын қолтықтап бара жатқан Ғабит Мүсірепов ақсақалға қарай үш томдық таңдамалы шығармаларын ала жүгіргенбіз.

Ғабең «Аға!» дегенімде маңғаз аңтарылып, кітаптарын көрді де:

– Кәне! – деп ыңғайлана беріп, көзілдірігінің үстінен қол-аяғыма тікте қарап алғаннан кейін:

– Ай, қазір автографтың уақыты емес қой! – деп бұрылып жүре берді.

Көңіл қабаржыңқырап, кері айналсам, қарсы алдымда күліп, Сағат Әшімбаев тұр. Суретінен танитынымыз болмаса, жүзбе-жүз алғаш көруім.

– Мыналарыңды бөлектеу қоя тұру керек еді. Ғабең мұндайды ұната ма. Мәжілістің соңында бір айналып соғындар, қолтаңбасын қойғызып берейін, – деді иығыма қолын салып.

Сөйтсек, біз театрдың ішінде әйгілі режиссер Леонид Гайдайдың «Бриллиантовая рука» кинофильміндегі тапаншаны тор қалтаға сала салатын Горбунков – Никулинге ұқсап, екі-үш шөлмек «студент коньягы» – «Таласты» тесік сөмкеге тастай-тастай салып шапқылап жүріппіз ғой. Расында да, кіді жазушы онымызды қайдан жақтырсын.

Қазір қолтаңба қойдырған кітаптарға қарасам, ол күн – маусымның он алтысы екен. Сонда Бүкілодақтық авторлық құқық агенттігі Қазақ бөлімінің бастығы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, СССР Жазушылар одағының сын жөніндегі кеңес мүшесі, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты болып, аты дүрілдеп тұрған Сәкең отыз бес-ақ жаста екен. Дегенмен, шашы бурыл тартып, бұл жастан әлдеқайда ересек байқалды. Жүзінен толысқан парасаттылықтың нышаны аңғарылады.



Әйтеуір, сол жүздесуден кейін арамызда әлдебір жақындық орнығып кетіп еді.

Арада бірталай өткенде кафедра меңгерушісі Тауман Амандосов студенттерді диплом қорғауға берілетін жұмыстармен таныстырған. Әркім оң жамбасыма келеді-ау деген тақырыптарын таңдап алып жатыр. Бір кезде «Сағат Әшімбаевтың сыншылық шеберлігі» дегенде қолымды көтердім. Сонша етене таныс, жеңіл тақырып көрінген.

Алайда, іске кірісерде аңғардым, Сәкеңнің «Талантқа тағзым», «Парасатқа құштарлық» аталатын екі кітабын тиіп-қашып оқығаным болмаса, сыншы еңбектерін терең білмейді екенмін. Солай бола тұра, бүгінгі жұмысты күнде ертеңге қалдырып, жан алқымға келгенше ұзын арқан, кең тұсаумен, тиісті мерзімге он-он бес күн қалғанша табандап отыра қоймаппын. «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім меңгерушісі Шәкізата Құттаяқов ағам жетекші болып белгіленіп еді, ылғи іссапарға кетіп, ұстатпай қойды. Сәкеңнің 1974 жылы шыққан алғашқы «Сын мұраты» кітабының жалғыз данасын Пушкин атындағы орталық кітапханадан ерең таптым. Оның өзі жырым-жырым. Біреулер беттерін парақтап жырып әкеліпті. Содан: «Е, бір жөні болар, жетекшім де оралар, ертең барармын. Бүрсүгіні көрермін» деп жүргенде Тауман Салықбайұлы жұмыстарыңды дайын күйінде төрт күннің ішінде алдыма әкелмесең қорғауға жібермеймін деді.

Сасқаннан Қазақ телерадио Комитеті төрағасының орынбасары болып істейтін Сағат Әшімбаевтың өзіне жеттім.

Сәкеңнің кезі. Әлдебір жиналыстан шыққан ба, қасында біреу бар, қазіргі Ақ ордадан қызмет орнына қарай аяңдап келеді екен. Сәлем бердім де, салған беттен:

– Сағат аға, сіздің еңбектеріңізден диплом қорғайтын едім. Жағдайым осылай болып тұр. Уақыт та, профессор да қысып барады, – деп шынымды айттым.

Аңтарыла бұрылған Сәкең:

– Мұның – мен үшін таңғажайып жаңалық. Құдай-ау, біздің де еңбектеріміз диплом тақырыбы деңгейіне көтерілгені ме?! Сенің де қазақы жалқаулық мінезің ұнап тұр, – деп күліп алды.

Жайлап кабинетіне көтерілдік. Бөлменің бір қабырғасы тола кітап. Сәкең арасынан су жаңа «Сын мұраты» еңбегін суырып бергенде көз алдым жарқ ете түскендей болды.

– Қазір үйге барамыз. Жаяу кетеміз. Шопыр сұранып кетіп еді. Іздегеніңнің бәрі үйде жатыр. Кітаптарға кірмеген мақалалар да көп...

«Көктен іздегенім жерден табылды-ау!» деп қуанып отырмын.

Біраздан соң Сәкеңнің пәтерін бетке алып, жолшыбай кездескен бақты аралап, көк майсаны тізеден жалдап тартып бердік.

– Сирень де гүлдеді, – деді ағаш басынан бір тал өсімдікті үзіп алып, – Иісін қарашы. Керемет!...

Мен де ұсақ күлгін жапырақты гүлдің бір уысын жұлып алып едім, хош иісі мұрын жарды.

– Ал, мұны қазақша не дейтінін білесің бе?

– Білмедім. Сирень дей береміз ғой...

– Бұл – майшетен тұқымына жататын өсімдік. Бірақ өзгеше мынауысы. Отызға жуық түрі кездеседі екен. Қолдан ұрықтандырып өсіре беретін сияқты. «Декан», «Аленушка», «Москва сұлуы» дегендей сорттары көп. Мені қуантатыны – мұның «Сәтбаевтың құрметіне» деген түрі бар. Мынау – сол. Осыны көрген сайын Қаныш ағамыз еске түседі. Ғажап қой! Иіс су жасайды бұдан... Сиреннің қазақшасы – бөртегүл. Ісләм Жарлығаров ағамыздың та-

бысы. Тұқымының ерекшелігінен шығар, өзі екі-үш жылда бір ғана және май, июнь айларында бөртеп гүлдейді. Керемет, ә?..

«Сәкеңнің білмейтіні жоқ-ау, сірә? – деп ойладым. – Мұны биологтердің өзі біле бермейтін шығар-ау?!».

Шәрбану жеңеміз бен ержеткен ұлдары үйде екен, мені көптен күтіп отырған адамдардай құрақ ұша қарсы алды.

– Інілеріңмен танысып қой, – деді Сағат аға, – Дәурен КазГУ-де оқиды. Мәулен онышыны аяқтағалы жүр...

Белгілі журналист Шәрбану Бейсенова жеңемізді ұяң мінезді ме деп қалдым. Отағасына қыздай сызылып, сыбырлап сөйлейтіні жарасады екен.

Терлеп-тепшіп отырып шай іштік.

– Мына бауырсақ пен қаймақ елден бүгін ғана келген болуы керек. Өбден тойып ал! – деп қойды Сәкең. Содан соң жеңгей екеуінің студенттік жылдары бірталай қиындыққа кезіккенін, сол шақтарда Мұса Дінішев ақсақалдың көп жәрдемдескенін еске алып отырды.

Жеңгей сөз арасында әлдебір очерктер жинағында өзінің мақаласының шыққанын айтып еді:

– О-о-о, дұрыс болды ғой. Қазір көреміз! – деп қуанып қалды. Сәлден кейін дәлізге шықтық.

– Жүр, «ресми танысуды» шеберханадан бастайық! – деді. – Менің азан шақырып қойған атымның Сағатхан екенін білетін шығарсың?

– Жо... білмеймін.

– Үйдегілер бала кезімнен Сағат деуші еді. Елге де осы атпен танылып кеткен сияқтымын.

Бұл да мен үшін жаңалық еді...

Ұядай қуысқа шағын шеберхана жасап қойыпты. Ыңғайлы сөреде ағаш шеберіне керек құрал-сайман толып тұр.

– Бос уақытта ермек қылғанды ұнатамын. Сен тақырып еткен сыншылық шеберліктен бұл шеберлігімді кем деп ойламаймын...

Осыны айтып, рахаттана күлді.

Одан жұмыс бөлмесіне оздық. Үлкен кітапханаға кіріп кеткендей әсерлендім. Шынылы сөрелердегі кітаптардан қабырғалар қайысып тұрғандай. Қазақ, орыс жазушыларының туындыларын былай қойғанда, біз естіп-білмеген шетелдік қаламгерлердің шығармаларынан көз тұнады.

Жазу үстелінің үстінен Абайдың әбден ескірген жинағын алды.

– Бұл – жұмыс кітабым. Қайталап оқып келе жатқанымда он жылдан асты. Өр оқыған сайын жаңалық табамын, ақынды уақыт озған сайын ұғына түскендей, тылсым тереңіне бойлай түскендей боламын...

Өлең жолдарының астын түрлі-түсті сиямен сызып, тұсына түйген ойларын, алған әсерін қысқаша жазып қояды екен.

Содан соң тартпадан әсем безендірілген, бір діни кітапты алып көрсетті.

– Мұны Ғабит Мүсірепов сыйлап еді. Рухани бағасы шексіз, әрине. Өте сирек кездесетін қастерлі дүние болғандықтан қазір нарқын білетіндер бір машинаның құнын берсе де алып кетер еді... Сен білесің бе, мен Ғабеңнің ақшасын санап берген адаммын ғой. О-о-о! – деді.

– Көп пе екен?..

– Ой-й, көп қой. Нақты қанша екенін ұмытып та қалдым. Қызық болды өзі. Бара қалсам, е, жақсы келдің, есебіне жете алмай отыр едім, санап шық деп кілттеулі тұрған есікті ашып, буда-буда үйіліп жатқан көкала-қызылала ақшаның үстінен бір-ақ шығарды. Мұндайды көрмеген басым қара

терге түсіп қатты қиналдым. Әйтеуір, қайта-қайта шатысып отырып, қас қарая біттім-ау есептеп. Ғабең қызық адам ғой, «Ақша санап көрмегенсің бе?!» деп қасыма келіп-кетіп, күні бойы ренжумен болды.

Сәкең керек-ау деген, өзінің де, өзгенің де баспасөзде жарияланған мақалаларын ұқыпты хатшыға ұқсап қиып алып, нөмірлеп, шыққан мерзімін жазып, сақтап қойып отырады екен. Бұлармен қоса өз еңбектері бағаланған бірқатар кітап пен көп оқырман хаттарын ұзатпай қайтарарсың деп, мұқият орап берді.

– Қызмет бабымен жүріп, ұзақ уақыт қаламды суытып кетіп едім, жазуды сағынып қалған екенмін, көсіле түскендеймін. Кешеге дейін бірталай дүниені тәмәмдап қойдым. Және бір жинақтың жүгін көтерерлік мақалаларым бар екен. Құдай қаласа, оны «Шындыққа сүйіспеншілік» деп топтастырмақпын. Сен оларды қозғамай-ақ қой, қалғандары да жетеді, – деді.

Сол күні диплом жұмысына қажетті кітапханада бес ай отырсам да таптырмайтын деректерді бір сәтте-ақ Сәкеңнің өзінен олжалап, жатақханаға құстай ұшып, қанаттанып қайттым да, күні-түні жазуға кірістім.

Одан жұмысты сәтті қорғап та үлгерген едім.

Арада жарты айдай уақыт өткенде Сағат ағаның қағаздары мен түптелген диплом жұмысының көшірмесін алып қызмет орнына бардым.

– Кел, төрлет! – деді Сәкең. – Естіп жатырмын, «бес» алыпсың. Молодец! Ертең келінді алып үйге кел. Дипломыңды «жуып» берейін!..

Бірталай әңгімелестік. Байқап қалдым, жан дүниесі тез жараланғыш, сезімтал Сәкең жайбарақат, көңілді көрінуге тырысқанымен, темекіні үсті-үстіне тартып, әлденеге әбіржіп отырды.

Маған үстел суырмасынан әдемі қойын дәптер алып, ескерткішке қолтаңба жазып беруге ыңғайланғанда басы да, ұшы да «алтын» қаламымды ұстата қойдым.

– Өй, мынаны қайдан алып жүрсің?! – деді таңданып.

– Моңғол студенттерінен он сомға сатып алып едім...

Ол кезде қытай кәсіпорындарының бірінен шығатын жазуға ыңғайлы мұндай қаламдар өте сирек кездесетін-дәй. Талғампаз Сәкең сапалы бұйымды тани қойды.

– Ой, «блатнойсың» ғой өзің! Мұны маған бер. Үнемі осындай сиямен жазатын қаламсапты пайдаланатынымды көрдің ғой. Бір аптадан кейін жеңген Чехословакияға барады. Саған басқа қалам әкеліп береді.

Сонда Сағат ағама деп арнайы алған тура осындай және бір қалам есіме түсіп, төс қалтамнан суырып бердім.

– Оу, байыттың ғой мені! – деп балаша қуанған Сәкең қолтаңба жазуға кірісті.

Қобалжу сырын шығарда айтқан. Осының алдында ғана Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың сотында болып қайтыпты. Бұрын да аталмыш жағдайға жүрегің ауыртып, қамығып отырған кездерін көріп едім.

– Кінәсіз бір жігітті өлім жазасына кесті, – деді күрсініп. – Жәрдемдесе алмаған дәрменсіздігіме күйінемін. Ең өкініштісі – біздің бауырлар сотта бір-бірін сатып жатыр. Ай, қалай ел болар екенбіз?!.

Кетерімде енді не істемек ойым барын сұраған. Анық бағдарым болмай, толқу үстінде жүрген едім, бөлендей діттегенім бар дей алмадым.

– Қалай болғанда да Алматыдан кетпе! – деді Сәкең. – Әдебиетке талпынған екенсің, қалың творчество ортасында жүргенің дұрыс. Көздеген қызмет орның болса, қысылмай айт, қолдан келгенше көмектесемін, үй алуға жәрдемдесемін... Сосын, бұдан былай өзіме де жиі соғып тұр. Осы, маған жуысқан іншектерімің көбі екі-үш кездескеннен кейін жоламай кетеді. Соған қарағанда, бір «оңбаған» адам болуым керек, хе-хе...

Мен Сағат ағаның бұл айтқанын орындай алмадым. Біраз толқып жүрдім де, Қарағандыға аттанып кеттім. Жағдайымды мәлімдеп бір-екі рет хат жаздым.

Екі-үш жыл аудандық, облыстық газеттерде жұмыс істеп, Алматыға қайта оралған соң үлкен қызметте отырған Сәкеңе сәлем беріп шығуға оқталғанмын. Бірақ күнделікті күйбең тірліктің ығынан шыға алмай, ежелгі «күнде ертең» әдетіммен ыңғайым болмапты. Оның үстіне әйгілі тамыз бүлігі басталып, ел іші дүрлігіп жатқан тұс еді. Сол күндердің бірінде Сағат ағаның кенеттен қайтыс болғанын естідік.

...Кішкене ұлым шешесінің туған күніне құшағын толтырып бөртегүл жинап әкеліпті. Үйдің ішін хош иіс кеуледі. Мен Сағат ағамды ойлап, мұңға баттым.

1992 жыл.

► Көрнекті жазушы Софы Сматаев - 85 жаста

Жазушы Софы Сматаев аға туралы сөз болса, бір әңгіме есіме түседі. Тоқсаныншы жылдардың бірінші жартысы. Ақындығын, сатирасын, жазушылығын ысырып қойып, Алматы қаласынан ана тіліндегі мектептер мен балабақшалар ашу үшін қоғамдық қайраткерге айналған Шона Смаханұлы көкемнің үйіндегі жеңгем Аманкүлмен сөйлесіп отырғам. Әңгіме 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына ойысып, Шөкеңнің басына ҚКП ОК мен МҚК тарапынан түскен қуғындауға келгенде:



СОФЫ СМАТАЕВ БҰТҚА

Көсемәлі СӨТТІБАЙҰЛЫ

—Сол кездегі биліктің жарамсақ өкілдері Шөкең аштырған қазақ мектептері мен балабақшаларға байланысты «Ржавщина» («Тот») деген авторсыз фельетон жазып, онда ағанды «ұлтшыл» деп айыптаған. Оны сол кездегі «Лениншіл жас» газетіне жариялату үшін жандарын салды. Бірақ ол фельетон Шөкең сияқты «ана тілім», «ұлттым» деген азамат-ақындарға жанашыр газет журналистерінің қолына түсіп, олар Шөкеңе жасырын телефон шалып, «бір әрекет жасаңыз, аға» деп хабар берді. Содан Шөкең ҚКП ОК жауапты қызмет істейтін Софы Сматаевпен сөйлесіп, өзі туралы «жаптым жала, жақтым күйе» фельетонның газетке кетіп бара жатқанын айтып, бүгін-ертең жарияланып кету қаупі бар екенін ескертті. Софы Сматаев та жүрегі ұлттым деп соқан жалғыздың бірі болғандықтан Шөкеңді қолдады. Фельетонсымақтың газетке жарияланбауына қолынан келгенше көмектесті. Шөкең соған риза болып, қашан кезі жұмылғанша Софы інісіне рахмет айтумен кетті, - деген еді.

Мен таңғалып қалғам. Өйткені «Алматыдағы зиялы қауым өкілдері, оның ішінде ақын-жазушылар жүзге бөлінеді екен, бірін бірі аяқтан шалуға дайын тұрады екен» дегенді еститінбіз. Ал Шөкең болса Жамбыл жақтың Ыстысы. Софыекең Қарағанды жақтың Арғыны. Оның үстіне қылышынан қаны тамған ҚКП ОК жауапты қызметкері. Сөздің қысқасы, Аманкүл жеңгемнің Софыекең туралы айтқан сөзі менің кеудемдегі сол түсінікті быт-шыт қылды. Жүзге бөлінетін жүзі күйгірлер бар болса, әлі де бар шығар. Бірақ Софы сияқты «Елім-айлап!» роман-диалог жазған азамат қаламгер ондай бөледен аулақ екеніне көзім жетті.

Бір жолы Алматыға, Жазушылар одағының бір жиналысына бардым. Алдыңғы қатарда бір топ ақын-жазушылар отыр екен. Алматылық жазушылардың кейбіреуі болмаса, көбісі облыста, ауданда тұратын қаламгерлерді адам екен демейді. Солардың салқын қабақтарына сақтана қарап келе жатыр ем, маған іштарта жымып қарап отырған жалғызға көзім түсті. Ол жалғыз - Софы аға еді. Мен өзімді сыйлаған, бағалаған адамға қоң етімді кесіп берем демесем де, бар пейліммен жайылып түсем. Софы аға сәлемімді жылы жымып алып қана қоймай:

—Халің қалай? – дегені жүрегімді тіпті елжіретіп жіберді.

Демек мені оқығаны ғой. Сол

кезде «Қазақ әдебиетінде», «Егемен Қазақстанда», «Жас Алашта» әңгімелерім де, эсселерім де бұрқырап шығып жататын.

Фейсбук дегенге бір қарамасақ тұра алмайтын болғалы бері Софы ағаның жазғандарын оқып жүрем. Шыңғыс аға Айтматов туралы жазған естелігіне мейірім қанды. «Елім-айының» кезінде «Жұлдыз» журналына жарияланбай, кейбір ағаларының бір-біріне сілтеп жүріп алуы қарнымды ашырды. Құлағымға жезтаңдай Жәнібек Көрменовтің:

Ағалар-ай!

Ауылын пенделіктің жағаламай, Басына бір төбенің жиналсаңшы, Андыздап әр бұтаны сағаламай. Түбінен бір жүректің табылсаңшы, Бауырды бөліп -жарып, алаламай. Өттең, ағалар-ай!

Ағалар-ай!

Көңілін інілердің жараламай, Бірге ұшып, бірге қонып жүрсендерші, Қатарын бұзбайтұғын бал арадай. Өздерің қонақтайтын бәйтеректің Тамырын балталамай, араламай. Өттең, ағалар-ай!

Ағалар-ай!

Тартысып бір бірінді табаламай, Шоқыға шығарсаңшы хан көтеріп, Жақсыңды жарға қуып қамаламай. Аңдыссаң аяғыңнан шалдырарсың, Жұлқыссаң жыртылмайды жаға қалай?

Өттең, ағалар-ай!

Ағалар-ай!

Бола ма оң-солыңды шамаламай? Қалың ел қоршап тұрған қара

орманың

Қысады құшағына жан анадай. Басына баданадай бұршақ жауса, Тоғайды торғай тұрмас паналамай. Өттең, ағалар-ай! –

деген мұңға толы үні келді.

Чықаң, Шыңғыс Айтматов қырғыз бен қазақты ғана емес, бүкіл адамзат баласын жүрегіне сыйғыза білген алып жүрек иесі ғой. «Жәмиласы» мен «Бетпе беті» үшін Қырғызстан Жазушылары съезінде кейбір классик ағаларының бірінен ауыр сөз естіп күйінсе, айналасында отырғандардың табалай шиқылдаған күлкілерін де көтере білген. Содан ба екен, жас жазушы Софыны сөзімен

демепті, Манас бабасының әруағымен жебепті. Чықаң бүйтіп жазады.

«Мен Сматаевты «Жұлдыз» журналы арқылы таптым. 1972 жылы жаз айларындағы екі нөмірінде жарияланған «Елім-ай» романы мені қазақтың тағы бір тамаша прозашысымен табыстырды. Туған халқына перзент боп еркелеп, сол жұртын азамат болып сүюдің қандай боларын таныдым. Талай қысталаң кезеңнің ауыр өткелегінде өмір мен өлім айқасын бастан кешкен ұлтының тарихына жан дүниесімен бойлап үңілудің куәгерін көргендей болдым.

Соның алдында ғана Манас туралы роман жазбақ болғанымды көпшілік білмейді де. Алғашқы бірер тарауының нұсқасын қағаз бетіне түсіріп те қойғамды. Ал Сматаевтың журналдағы романын оқығаннан кейін менің сол ниетімнен айнығаным рас» деп бастайды да:

«Сматаев романының лейтмотиві – «Елім-ай» әні. «Ақтабан шұбырынды» заманының қасіретін де, қасиетін де айғақтайтын киелі әуен. Құдыретті ән. Тәуелсіздікті түгел көтеріліп іздеген, тапқан – ту қылып көтерген азат ұлттың ұраны.

Осы романның мені тебіrentкен тұсы – Балайым мен Қорабайдың соңғы аянышты жай-күйі. Анау үңгірдегі шалдың «Қырық бір қара қазанда, сүйегі жатыр қырғыздың» деп ыңылдап айтатын әні. Бұл ән – біздің, қырғыз жұртының дәл «Елім-айдай» қадірлі гимні. Соны мен көптен іздеп таппай жүр едім. Софыдан тапқанымға қуандым. Енді мен Софыны көруге асықтым.

1973 жылы Алматыда өткен Азия, Африка елдері жазушыларының форумына қатысқам. Келген бойда Тахауи, Әбдіжәміл және Қалтайдан Сматаев жайында сұрағам. Неге екенін білмеймін, әлденеге ызаланғандай Әбдіжәміл: «Мен ондай жазушыны естісем, құлағым керең болсын!» деп ыршып түсті. Қалтай құрдасым жай ғана ыңыранып: «Біреп көргем. Анау-мынауысын оқыған емеспін. Қайда екенін білмеймін» деп жалтара жауап қатты. Ал Тахауи: «Иә!, Ол романды былтыр бас редактор болып отырғанымда мен басқызғам. Тәп-тәуір туынды. Сматаев керек пе?! Қап! Ол он шақты күнге командировкаға кеткен» деп, өкпемді өшірді.

Форумның екінші күні мәжіліс залынан шығып, төменге түсіп келе жатқанбыз. Фойдегі бес-алты адамның арасынан журналдағы суретімен есімде қалған бейнесімен бір жігіт көзіме жылы ұшырады. Адымдай басып бардым да: «Сіз Сматаев емессіз бе?» дедім. Әлгі жігіт үн-түнсіз күйде абдырап, бетіме жапақтап қарай берді. Қасындағы адам: «Иә, Сматаев қой бұл, Чықа!» деп маған сәлемдескелі қолын соза берді. Мен Сматовтың иығына қолымды салып,

бауырыма тарттым. «Жүргін. Екеуміз сөйлесеміз, бауырым!».

Жазушылар үйінің сыртқы есігінің алдында Тахауи бастаған үш досты қолымды сермеп қалдырдым да, Сматаев екеуміз көшенің арғы бетіне өтіп, сквердегі орындыққа жайғасып, біраз әңгімелестік».

Одан ары Чықаң:

«1978 жылы қырғыз жазушыларының съезі өтіп жатқан. Қазақстаннан келген қонақтар (біреу, ұмытпасам, Сағат Өшімбаев болатын) президиумдағы біздерге үш-төрт кітап ұсынды. Арасынан «Елім-ай» романы көзіме оттай басылды. Содан орнымнан тұрып, съезд жұмысына екі сағат үзіліс жариялауын өтініп, қырғыз әріптестеріме мынау Георгиевскдан (Қордай ауданының орталығы) Сматаевтың «Елім-айы» сатып алуларына болатынын қуана хабарладым.

Софының «Елім-ай» диалогиясы – ыстық жүректен, шебер де шешен тілмен, зерек зердемен жазылған, азаматын ерлікке, әлеуметін бірлікке шақыруымен әсерлі туынды. Өйткені өткен күндердің өкпесін сыққан қасіретінен қаны сорғалаған халқын суырып алған сол бірлік бүгін де керек. Өйткені кешегі кескілескен айқас пен шайқас замандастардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде ғана емес, психологиясында да жүріп жатыр ғой. «Кешегіңді ұмытсаң, бүгінгіңді елемесең, қидаласуын доғармайтын «хас жақсылардың» бірінің басын бірі қанжығасына байлап жіберерін ескер, халқым!» дейтін роман авторының тұжырымымен тиянақтайын.

Софы ағаның «Елім ай» романында мынандай суреттер мен мағынаға, мәнге толы сөз бар.

“Сарт-сұрт семсер айқасты. Сарсар айқай-шу үдеді. Батырда үн жоқ. Көзіне қан толып, семсерден басқа ештеңені көрер емес. Шаршаған кәрі дененің қимылы баяу. Қол жітілігі ғана бұрынғыдай. “Ең болмаса осы жауымның қанын ұрттасам екен!...”

Жомарт ақырып қап семсерді құлаштай ұрды. Ананың қаруы ұшып түсті. Сол кезде батырдың бар ыза, бар кек, бар зауалы жауының басында ақырғы рет жалт-жұлт ойнады.

Шуна-Дуба иек қақты.

Тұс-тұстан шаншылған қылқұйрықты көп найза Жомартты тік көтеріп өкетті. Сауытсыз, беренсіз жалаңаш денеге көк сүңгілер кірш-кірш қадалды. - Қалай екен, батыр? Көзіңе не көрінеді? – деді Шуна-Дуба.

—Даламды, тауымды, елімді көремін. Өлі де болса сенен биіктеу тұрмын ғой-й...

Найзалар сылқ түсті”.

Софы аға, Сіз де биікте тұрсыз!

БАҚ ҚОНЫП, ҚҰТ ДАРЫҒАН



Ауыл – ұлттымыздың ұйымтқысы, адамзаттың кең дүние есігін ашып, өмірге келген жері. Бізге дейін сан толқын ұрпақтың кіндік қаны мен маңдай тері тамған киелі мекені. Дүниедегі ең құдіретті жан АНА болса, ауыл да барлық халықтың анасы, тіршіліктің нәрі. Берекесі мен бірлігі жарасып, ауылы аралас, қойы қоралас, бақ қонып, құт дарыған алақандай ғана Бақалының бүгінгі келбеті, ауылдастардың тірлігі кейінгі ұрпаққа өнеге, көпке үлгі болары анық. Олай болса, біз ат басын бұрған ауылдың бүгінгі келбетімен сіз де таныс болыңыз, құрметті оқырман.

Қазір көптеген елді мекенде жаңа мектеп пен балабақша, медициналық қызмет көрсету пункті, көшелер жарықтандырылып, жолдар жөнделіп, тұрғындардың өмір сүру деңгейі артып келеді. Мұның бәрі ауылдың гүлденуіне және халықтың әл-ауқатының жақсаруына ықпал етеді. Бірақ кей ауыл «Бізге мектеп, балабақша керек» деп алақан жайып, бар жүкті мемлекеттің мойнына арта салуға үйренген. Ал біздің нысанға ілінген өңір мемлекетке тек өздері салған нысандардың құжатын заңдастырып беруді ғана өтінеді. Алайда іс осы құжатқа кеп тірелгенде біраз қиындық туғызғанынан да хабардар болдық.

Бақалының ортасынан жеке кәсіпкер Қасенали Нүсіпұлы бұрын дүкен болған ғимаратты алып, балаларға арнап заманауи спорт кешенін салып берген. Ішінде түрлі жаттығуға арналған құрал-жабдық толығымен бар. Балалар уақытын тиімді әрі пайдалы өткізетін нағыз ауылға қажетті спорт кешенінің құжаттары жауапты сала мамандарының қолына өткен. Алайда «пайдалануға рұқсат» деген тілдей бір рұқсат қағазының жоқтығына байланысты есігі тарс жабық. «Балалардың демалыс уақытын тиімді өткізу үшін, спорт кешенінің құжаттарын тездетіп жөндеп берсе. Көк байрағымызды көкке желбірететін нағыз спортшы балалар ауылда емес пе? Ендеше, болашақ спортшылардың бағын байламайық» деген ауылдастардың тілегі орындар күн де алыс емес шығар деп сенейік.

Бақ қонған мекеннің басты байлығы – оның еңбекқор тұрғындары. Таңның атысы, күннің батысына дейін тынымсыз еңбек ететін шаруалардың атқарар жұмысы қыруар. Олар қара бастың қамын емес, елдің ертеңін ойлаудан шаршамайды. Егін егіп, мал бағып, адал еңбектің арқасында ауылдың берекесін арттырып отырған жандардың бүгінгі ілкімді істеріне қарап тамсанып, таңдай қақпау мүмкін емес.

Ұлкендер бастамасымен құрылған қауымдастықта ауыл жанашырларынан 9 адам тіркелген. Төрағасы – Ерлан Тоқмурзин. Олар ауыл халқы үшін барлық жағдайды жасауға біркісідей атсалысады. Ауылды дамыту жоспары да бар қауымдастық алқаларынан шыққан ұсыныс-тілек ешқашан аяқсыз қалған емес. Бір сөзбен айтқанда, ұсыныс айттылып, тапсырма беріледі, көп ұзамай орындалады. Еңбекқор ауылдастар батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының «Елім деп егіліп, жұртым деп жұмылып еңбек ет» деген бірауыз нақыл сөзін басты ұстанымға айналдырған.

– Ауыл – азаматымен ажарлы. Біздің елдің жігіттері – нағыз мәрт жігіттер. Олар кіндік қаны тамған ауылына қашанда жанашыр. Алақандай ғана мекенімізді көркейтуге, жандандыруға бәріміз атсалысудамыз. Қазақтың берекесі де, бірлігі де – ауыл ғой. Ауылдан адам көшкенмен,

адамнан ауыл көшпейді. Өрбір қазақ баласының жүрегінде туған жерге деген махаббат алаулап тұрады десем, артық айтқандық болмас. Біз қариялар осы берекенің бастауы болып, жастарға үлгі-өнеге көрсетіп, тентекті тезге салудан шаршамаймыз. Ауылдан бақ та, береке де кетпесін деп тілеймін, – дейді Бақалы ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қозы Бекбатыров.

Ұлттық тәрбиенің ордасы берекелі ауыл. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, қонақжайлық пен бауырмалдылық сияқты асыл мінез де қасиетті мекенде ерекше сақталған. Бұл ауылдың балалары да еңбекке ерте араласып, адамгершілік құндылықтарды, бауырмалдықты бойына сіңіріп өсіп келеді. Сондықтан болар, ауылда қолға алынған қандай да бір істің басы қасында жасы да, жасамысы да жүреді.

Ауылдағы ағайынның бір жағына шығып жүрген кәсіпкерлер Бағлан Қасенұлы мен Берікбол Қабдолданов қатымхана салып берген. Енді бақалылық тұрғындар көпшілікке арнап ас берсе басқа ауыл я болмаса аудан орталығына барып әуреленбейді. Оның үстіне 1993 жылы туған ұл-қыздар қатымханаға ауа салқындатқыш орнатып, жайлы жағдай жасап қойған. Мешіттің ішкі құрылысы, еденіне төселген кілем де толық жаңартылған.

Қауымдастық өкілдерінің айтуынша, 1970 және 2000 жылы туған азаматтар ауылға саябақ салу үшін 17 миллион теңге қаржы жинаған. Үлкен-кіші ақылдасып, саябақ құрылысын да бастап кеткен. Олардың арманы – алып шаһар Алматыдағы Президент бағындай етіп Бақалының қақ төріне саябақ салу. Бүгінде жоба бойынша тас төсеніштер төселіп, гүл егетін арнайы орындар дайындалуда. Тіпті, ауылдан көшіп кеткен, алайда бір бүйрегі бұрып тұратын жерлестер түрлі ағаш көшетімен, гүл тұқымымен қамтамасыз етуді өз мойнына алған. 1984 жылы туған қыз-жігіттер сахна салып, заманауи музыкалық құрылғыларды тарту еткен. Күні кеше ғана Алматы қаласынан өнерпаздар келіп, ауыл жұртшылығына концерт ұйымдастырып, сахна салтанатты түрде ашылған. Енді еліміздің болашақ жұлдыздары өнерлерін дәл осы сахнада

көрсететін болады.

Біз барған сәтте мешіттің есік алдында жөндеу жұмыстары жүріп жатты. Шалғайда жатқан ауылда осыншама тірлік істеліп жатыр десе, бірі сенер, бірі нанбас. Бірақ ақиқаты – осы.

Ауылдастан ақ тілек:

– Ауыл дегенде жүрегі елжіремейтін қазақ жоқ шығар, сірә?! Туған жеріміздің күн санап көркейіп, құлпырып жатқанын көріп алыста болсам да қуанып, тілекші боп жүремін. Ауылды көтеру – әр қазақты қадірлеу деген ұлттық ұстанымды көрсетеді. Өрбір адам өзінің өсіп-өніп шыққан ауылына игі қадамдар жасауды атамекенге деген перзенттік парызы санауы керек. Ауызбірлігі бұзылмай, қазақы қалпын сақтап, бауырмашылдығымен біраз тірлік істеп жүрген ауылдастарыма аналық жүрегімнен алғыс айтамын. Осындай береке, татулық, бауырмалдық алтын бесігіміз ауылымыздан үзілмесе деймін.

Роза ЖЕКЕМБЕКОВА:

– Халықты имандылыққа шақырып, ізгіліктің дөнін себуге, ағайын-туыстың бірлігі мен берекесін арттыратын киелі орын мешіттің құрылысына биыл ерекше мән берудеміз. Енді мешіт жанындағы тазару бөлмесінің құрылысы басталды. Әсіресе, ертеректе көшіп кетіп, кейін өмірден өткен соң аманатымен ауылға кеп жерлеу рәсімін өткізетін жандар үшін марқұмды арнайы жуындыратын орнын да жасадық. Соңғы жылдары мектеп бітіргендеріне 10, 20, 30, 40 жыл болған түлектер бар алғысын ауылға арнап жатыр. Олардың әрқайсысының атқаратын өз жұмыстары бар. Мәселен, жоғарыда аталған құрылыстың жұмысы 1981 жылғы азаматтардың еншісінде. Олар өртке қауіпті құрылыс материалдарын арнайы Тараз қаласынан тапсырыспен алдырды. Құрылыс жұмыстарын ауыл азаматтары бірігіп атқарамыз. Біздің ең басты мақсатымыз – ауыл халқы үшін қолайлы жағдай жасау, – дейді жанашырлар қауымдастығының төрағасы Ерлан Айтқұлұлы.

Бақалының қасиетті топырағына кіндік қаны тамып, саф ауасын жұтып, мөлдір суын ішкен әрбір перзент ауылдың көркеюіне өз үлесін қосуды азаматтық парыз санайды. Сондықтан

болар, қолға алынған әр игі бастамаға еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін атсалысады. Әсіресе, бүгінде жойылып бара жатқан асарлатып іс бастау тұрғындардың күнделікті жұмысы. Асарлатып 40 шақты түтіні бар ауыл балаларына арнап жаңа мектеп, дәрігерлік пункт салу – ауызбірлікті тұрғындардың ғана қолынан келетін шаруа. Бірнеше жыл бұрын қауіпті мектепте білім алып жүрген балаларды ойлаған ауыл белсенділері Тасқұдық ауылына жаңа мектеп салған. Аталмыш мектепте 15 бала білім алуда.

– Өрбір тұрғын балалардың болашағын ойлайды. Еліміздің ертеңі саналған жастар жан-жақты болып өссе дейді. Осы жанашырлықтарын сөзбен емес, іспен дәлелдеп жүрген тұрғындарға мың алғыс. Қалада жоқ заманауи мектеп біздің ауылда бар. Күні кеше ғана жерлесіміз Мақсат Қабашев мектепті ағарту, сырлау жұмыстарына арналған құрылыс материалдарын тарту етті. 1992 жылы туған азаматтар раушан гүлдерін сыйлап, мектеп маңайын абаттандыруға қолұшын берді. Жаңа мектеп ашылғанда аудандық білім бөлімінің интерактивті панель және парта берілген. Қалған қажетті заттың барлығы азаматтардың демеушілігімен алынды. Мектеп құрылысына қол созған ауыл жұртшылығына алғыстан басқа ештеңе айтпаймын, – дейді Тасқұдық бастауыш мектебінің меңгерушісі Құралай Аитова.

Тасқұдық ауылында дүние есігін ашқан, көпшіл, ағайынмен қауымдасып, «ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деп жүрген белсенді азамат Ерлан Тоқмурзин 1997 жылы қалаға қоныс аударады. Заңгер маман түрлі салада еңбек етіп, кәсіпкерлікке бет бұрса да ауылға деген сағынышы 2016 жылы туған жеріне көшуіне себеп болады. «Ауылым – алтын бесігім» деп келген жетелі ұл әкеден қалған киелі жерін, малын қарап, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады.

– Қазақтың берекесі – ауыл. Қазір Бақалы ауылдық округіне қарасты Бақалы, Тасқұдық, Қазыбаев және екі бөлімше бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жүрміз. Бәрімізді бір арнаға тоғыстырған – ауылдың қасиеті. Ауыл шетіндегі шабындық ақысын әр түтінге теңдей етіп бөліп береміз. Қоржында қалған артылған қаржы ауыл шығынына да жұмсалады. Ауыл азаматтары бірігіп балалар ойнайтын алаң, стадион салдық. Қазір 30 түп шырша егіп, тамшылатып суару әдісімен күтіп-баптап жүрміз. Ауылға көшіп келемін деген жандар болса өз алдына үй етіп, ұсақ малын, сауынды сиырын беріп, өзекке теппей, бауырымызға басамыз. Ауылға кіреберістегі үлкен арканы да өзіміз жасаттық. Қонақжайлылығымызды танытайық деп арнайы қазақ үйі де орналастырдық. Жоспарымызда әлі де біршама жұмыс бар. Ауылымыз Алматы – Өскемен республикалық тасжолының бойында орналасқандықтан көлік жиі өтеді. Жауапты құзырлы органға бейнебақылау камералары орнатылса деген ұсыныс-тілек айтқым келеді. Себебі дәл сол маңда жол-көлік оқиғалары жиі орын алады. Ағайынның осы бірауыз тілегі ескерусіз қалмаса екен дейміз. Ауыл мақтаншытары болып жүрген Ербол Дүйсебаев, Айдархан Жасболатұлы, Нұрбек Мүлікбаев, Үсен Мамырбаев, Дидар Аманқұлұлы сынды мәрт жігіттер қазақта көп болса, ауылдың шаңырағы ешқашанда шайқалмайды, – дейді ел үшін туған азамат Ерлан Айтқұлұлы.

P.S. «Бір өңгіме қозғашы ауыл жайлы. Бұдан артық рахат табылмайды» деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлаған ауыл жайлы өңгіме айту, кез келген далалықтың парызы нәм міндеті. Руханиятымыздың темірқазығы, ұлттық құндылығымыздың алтын бесігі, береке мен байлығымыздың бастауы болған ауылдың таза ауасын жұтып, тұнық суын ішіп, көркем табиғатынан қуат алып өскен әрбір азаматтың бүгінгі тірлігі көпке үлгі-өнеге. Төрт түлігін түлетіп, егістігін жайқалтып, шаруасын өрге сүйреп отырған елді мекен – бүтін бір елдің асыраушысы. Әңгімемізге арқау болған Бақалы ауылынан ырыс-береке, бақ-дәулет кетпесін деп тілейміз.

Еңлік КЕНЕБАЙ.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ АКЦИЯСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТИ



«Парктер шеруі-2026» – бүкіл әлемдегі, соның ішінде Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қолдау көрсет жөніндегі халықаралық табиғатты қорғау акциясы болып табылады. Бұл акция – табиғатты аялауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және жас ұрпақты табиғатты қорғауға тәрбиелеуге бағытталған. Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде «Парктер шеруі» акциясы 2010 жылдан бері өткізіліп келеді. Аталған іс-шара аясында ұлттық паркімізде экологиялық іс-шаралар ұйымдастырылады. Әсіресе жас ұрпақтың табиғатқа жанашырлықпен қарауын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. 2025 жылы «Парктер шеруі» халықаралық табиғатты қорғау акциясының қорытындысы бойынша «Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» ұлттық парктер арасында 3 орынға ие болды.

Ағымдағы жылы «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы мен «Парктер шеруі» халықаралық табиғатты қорғау акциялары аясында «Таза өлке», «Таза өзенге – таза жағалау», «Мөлдір бұлақ», «Құстар күні», «Қызғалдақтар Отаны – Қазақстан», «Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күні», «Жасыл жапырақ» және т.б. эко-акциялар мен шығармашылық байқаулар, дөңгелек үстелдер, ашық есік күндері, экологиялық іс-шаралар, тақырыптық көрмелер, экскурсиялар өткізілді.

5 маусым күні «Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесінде 22 наурыз бен 5 маусым аралығында өткен республикалық маңызы бар «Парктер шеруі-2026» халықаралық табиғатты қорғау акциясының қорытынды жабылу салтанаты өтті. Аталған іс-шараға ұлттық парк қызметкерлері, Сарқан қаласындағы Балалар шығармашылық үйінің тәрбиеленушілері, қала мектептерінің оқушылары, Сарқан көпсалалы және политехникалық колледждерінің студенттері, «Sarqan jastagy» орталығының еріктілері, «Жетісу» телеарнасы мен Сарқан аудандық газетінің өкілдері қатысып, белсенділік танытты. Акцияға белсенді қатысқан оқу орындары мен еріктілерге алғысхаттар табысталып, сондай-ақ «Туған өлке – шабыт мекені», «Табиғатым – байлығым» шығармашылық байқауларына қатысқан балаларды ұлттық парк пен демеушілер тарапынан мадақтамалармен және сыйлықтармен марапаттау рәсімі өткізілді. Іс-шара мерекелік бағдарламамен жалғасты. Жалпы, акция аясындағы іс-шараларға 500-ге жуық адам қатысып, табиғатты қорғау мен сақтау ісіне өз үлестерін қосты.

«Парктер шеруі» – тек акция ғана емес, ол – табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікті нығайтатын, экологиялық мәдениетті дамытатын маңызды бастама. Осындай шаралар арқылы біз табиғи байлықтарымызды сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізуге үлес қосамыз.

А. РАМАЗАНОВА,
«Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ
экологиялық ағарту инженері.



ПРОВЕДЕНА АКЦИЯ «МАРШ ПАРКОВ»

С приходом весны природа Лепсинского филиала «Жонгар-Алатауского» государственного национального природного парка словно просыпается от долгого зимнего сна. Горные склоны покрываются изумрудной зеленью, наполняются ароматами цветущих растений, а чистый воздух звенит голосами птиц. Именно в это прекрасное время на территории Жонгар-Алатауского ГНПП вновь проходит традиционная природоохранная акция «Марш парков» — праздник, объединяющий людей в стремлении сохранить богатство и красоту родной природы.

«Марш парков» — это не просто экологическое мероприятие. Это важное событие, которое напоминает каждому из нас о необходимости бережного отношения к окружающему миру. Ежегодно акция собирает школьников, студентов, педагогов, представителей общественных организаций и всех неравнодушных жителей региона, готовых внести свой вклад в сохранение уникальных природных комплексов «Жонгар-Алатауского государственного национального природного парка».

Особую ценность этому краю придают его удивительные ландшафты. Здесь величественные горы соседствуют с густыми лесами, бурными реками и живописными ущельями. Территория является домом для множества редких видов животных и растений, многие из которых занесены в Красную книгу. Среди них — снежный барс, тьяньшаньский бурый медведь, архар, беркут и другие представители уникальной флоры и фауны.

В рамках «Марш парков» проведены экологические уроки, конкурсы рисунков и фотографий, выставки творческих работ, познавательные экскурсии и природоохранные акции. Особенно важно, что акция помогает воспитывать экологическую культуру у подрастающего поколения. Дети и молодежь учатся видеть красоту природы, понимать ее ценность и осознавать личную ответственность за сохранение природного наследия для будущих поколений.

Акция «Марш парков» - это возможность объединить усилия сотрудников национального парка и местного населения для защиты природы, которая является бесценным достоянием нашего края и всей страны. Пусть и в дальнейшем «Марш парков» остается доброй традицией, вдохновляющей людей на заботу о природе, а живописные уголки Жонгарского Алатау продолжают радовать своей красотой, чистотой и многообразием жизни.

С. КОВЕШНИКОВ,
гос.инспектор Черновского лесничества Лепсинского филиала
РГУ «Жонгар – Алатауский ГНПП».

• 101 ескертеді

Терезеден құлаудың алдын алайық

Жыл сайын биік үйлердің терезелерінен құлап түскен балалар саны өсуде. Терезеден құлау әсіресе қалалардағы балалардың жарақаттануы мен өлімінің негізгі себептерінің бірі болып табылады. Балалар өздерінің білімділігіне байланысты өте осал. Бұл туралы түрлі алуан жарақаттардан балалардың өлім-жітімінің жоғары деңгейі куәландырады.

Жыл сайын терезеден құлап түскен кезде балалардың қаза болу жағдайлары тіркеледі. Әдетте, құлаудың барлық жағдайларына балалар өз бетімен терезеге шығып, тіреуіш ретінде жиһаздың әртүрлі заттарын қолдана отырып, масаға қарсы торға сүйеніп, терезеден онымен бірге құлап кетеді. Бұл ретте құлаудың басым көпшілігі ересектердің балалардың тәртібіне бақылаудың жеткіліксіздігінен, терезелерді жабуды ұмытып кетулері және терезелерде блокираторлардың немесе терезе тұтқаларының болмауы, балаларға өз бетінше терезелерге шығуға мүмкіндік беретін жиһаздың дұрыс орналаспауынан және жабық терезенің иллюзиясын жасайтын маса торларының болуы салдарынан болды.

Р. АХМАРОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ бас маманы,
азаматтық қорғау капитаны.

Бұлшық ет суда тартылып қалғанда не істеу керек

Суға шомылу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау және аса сақ болу керек. Судағы құрысулардың негізгі себебі бұлшықеттердің дайындалмауы және кенеттен шамадан тыс жүктелуі, сондай-ақ судың төмен температурасы. Сондықтан күн шуақты, желсіз ауа-райында +20С жоғары су температура-сында шомылу жақсы. Суға түспес бұрын, денені су температура-сына үйрету керек. Суда, егер сіз кенеттен қолыңызды немесе аяғыңызды қысып тұрғандай сезінсеңіз-судан тез шығу үшін қолыңыздан келгеннің бәрін жасаңыз.

Егер сіз жағадан алыс болсаңыз және сізге көмексіз шығу қиын болса, келесідей әрекет етіңіз: - Арқаңызға бұрылыңыз. Егер сіз бұған дейін арқаңызда жүзіп жүрсеңіз, онда кеудеге бұрылыңыз. Дене қалпын өзгерту маңызды; - Егер сіз қолыңызда тартылу сезімін сезінсеңіз, қолыңызды жұдырығыңызға тез қысыңыз, содан кейін қолыңызды күрт сыртқа лақтырып, жұдырығыңызды ашыңыз. Мұны бірнеше рет жасаңыз; - Егер балтыр бұлшықеті тартылса, аяғыңызды қолыңызбен бүгіп, орап көріңіз, содан кейін

аяғыңызды өзіңізге қарай тартыңыз; - Егер жамбас бұлшық еттері жиналса, аяғыңызды сыртқы жағынан білегіңіздің астынан ұстап көріңіз. Содан кейін аяғыңызды тізеңізге бүгіп, қолыңызды артқа қарай қатты тартыңыз. Осы әрекеттердің барлығын арқаңызбен суда жату ыңғайлы; - Шомылу кезінде өзіңізбен бірге купальник-ке немесе балқымаларға бекітілген түйреуіш болуы керек. Ұстама кезінде зардап шеккен қолды немесе аяқты түйреуіш немесе басқа өткір затпен шаншу керек; - Демалу және күш алу үшін дененің ең тиімді позициясы-арқадағы позиция; - Егер сізде күш болмаса және құрысу өтпесе, жағадағы адамдардың назарын аударуға тырысыңыз.

Құрметті азаматтар! Есіңізде болсын, су қателіктерді кешірмейді. Судағы қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз, өз өміріңізді және жақындарыңыздың өмірін сақтаңыз!

Төтенше жағдай туындаған жағдайда құтқару қызметіне "101" және "112" телефондары бойынша қоңырау шалыңыз.

Сарқан ауданы ТЖБ.

Көк отынның қауіптілігі

Сұйытылған газды тұрмыста пайдаланудың тиімділігі, ұтымдылығы және үнемділігі біздің ауданда газ тұтынушылар санының көп болуын айтарлықтай дәрежеде түсіндіреді. Бірақ газды дұрыс қоспау және тасымалдау өте қауіпті екенін есте ұстаған жөн. Сарқан ауданының ТЖБ қызметкерлері төтенше жағдайлардың алдын алуға, тұрмыстық газ құрылғыларын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан қаза болу мен жарақаттануға бағытталған іс-шараларын өткізеді.

Шаралар аясында халықпен және шаруашылық объектілерімен ауқымды үгіт-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жергілікті атқарушы органдармен жатақхана объектілері, газ баллонын пайдаланатын жеке мекемелер, сондай-ақ автогаз құю станциялары бойынша рейд ұйымдастырылды және өткізілді. Рейд барысында тұрмыстық газды қауіпсіз пайдалану ережелері туралы нұсқаулықтар жүргізілді; жанармай құю станцияларының қызметкерлерімен АГҚС-да тұрмыстық газ баллондарын толтыруға жол бермеу туралы нұсқаулықтар жүргізілді. Абоненттер газ баллондарын сатып алған кезде жадынамалар тарату арқылы халыққа баллон газын өткізетін ұйымдар арқылы жадынамалар тарату ұйымдастырылды. Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін қауіпсіздік ережелерін

сақтаңыз: - 2 қабаттан жоғары қабатты тұрғын үйлерде газ баллондарын пайдаланбаңыз; - үй-жайларды өз бетімен газдандыруды, газ аспаптарын, баллондар мен тиек арматурасын ауыстыруды және жөндеуді жүргізбеңіз; - жұмыс істеп тұрған газ аспаптарын қараусыз қалдырмаңыз; - газдың ағып кетуін тексеру үшін ашық отты пайдаланбаңыз (осы мақсатта сабын ерітіндісін қолданыңыз); - газ аспаптарын пайдалануға балаларды жібермеу және оларды қараусыз қалдырмау; - газ жабдығын орнату кезінде жиһаз бен басқа жанғыш материалдардан келесі қашықтықты сақтаңыз: - ең жақын тік бетке дейін көлденеңінен 0,2 м кем емес - тігінен 0,7 м-ден кем емес, оның үстіне ілінетін ең жақын көлденең бетке дейін - жылыту радиаторларынан, басқа да жылыту аспаптарынан және пештерден кемінде 1 м; - ашық отты жылу көздерінен кемінде 5 м.

Жанармай құю станцияларында газ баллондарын толтырмаңыз! ГАЗ АҒЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДА - газ беруді жабыңыз; - терезелер мен есіктерді ашыңыз; - сіріңке, оттықтар жақпаңыз, темекі жағылған бөлмеге кірмеңіз; - жарық пен электр құралдарын қоспаңыз; Оқиға туралы 101 немесе 112 нөмірі бойынша дереу хабарлаңыз!!!

Әділет ҚАБДЕШОВ,
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі аға инженері,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.



Қазақтың қайсар қызы

15 маусым – Кеңес Одағының Батыры, мерген Әлия Молдағұлованың туған күні. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отаны үшін отқа түсіп, ерлігімен ел есінде қалған қазақтың қаһарман қызының биыл туғанына 101 жыл. Былтыр Әлия Молдағұлованың 100 жылдық мерейтойы мемлекеттік деңгейде кеңінен аталып өтті.

Атап айтқанда, Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналған «Айбын» ХІ халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынының ашылу салтанатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова сынды батырлардың ерлігі өскелең ұрпақ үшін Отан алдындағы парызға адалдықтың үлгісін көрсеткенін атап өткен болатын.

Батыр қыздың қайсарлығы – Отанға адалдықтың, өр рух пен жанқиярлықтың жарқын үлгісі.

Әлия Молдағұлова 1925 жылы 15 маусымда Ақтөбе облысының Бұлақ ауылында дүниеге келген. Ғұмыры қысқа болса

да, рухы мен есімі ел жадында мәңгіге сақталды.

Ашық шайқасқа 1943 жылдың қазан айында 2-Прибалтика майданының 22-армиясы құрамындағы 54-жеке атқыштар бригадасы құрамында түсті.

1944 жылғы 14 қаңтарда Псков облысындағы Насва стансасын жау қолынан азат ету кезінде Әлия Молдағұлова ерекше ерлік көрсетті. Толассыз оқ астында сарбаздарды бірнеше мәрте шабуылға бастап, жауынгерлерді жігерлендіріп отырды. Командирлер саптан шыққан сәтте басшылықты өз қолына алып, ұрысты жалғастырды. Ауыр жара-

ланса да, соңғы демі қалғанша майдан шебін тастамай, ержүректік пен өжеттіктің озық үлгісін көрсетті.

Әлия Молдағұлова небәрі 18 жасында майдан даласына аттанып, ерлікпен қаза тапты. Соғыстан кейін майданда қаза болған жауынгерлердің сүйегі әскери құрметпен бауырластар зиратына қайта жерленді.

Тарихи деректерге сәйкес, мерген қыз майдан даласында жаудың 78 солдаты мен офицерінің көзін жойған. Көрсеткен ерлігі мен қайсарлығы үшін Әлия Молдағұловаға қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп,

«Алтын Жұлдыз» медалімен және Ленин орденімен марапатталды.

Әлия Молдағұлованың есімі мен ерлігі халық жадында мәңгі сақталып келеді. Батыр қыздың аты көптеген елді мекендерге, көшелер мен даңғылдарға беріліп, оның құрметіне ескерткіштер мен мемориалдық кешендер салынды.

Ақтөбе облысында Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұловаға арналған облыстық мемориалдық музей жұмыс істейді. Онда мерген қыздың балалық шағы, оқыған кезеңі және майдан жолына қатысты құнды деректер жинақталған. Сонымен қатар Қобда ауданындағы Әлия ауылында да оның рухына арналған музей бар.

Әлия Молдағұлованың есімі мен ерлігі Мәскеуде де кеңінен насихатталып келеді. 1998 жылы №891 мектепке Әлия Молдағұлованың есімі берілді. Бұдан бөлек, Әлияның өзі тәлім алған мергендер мектебі орналасқан даңғыл оның құрметіне аталған. Ал 2005 жылы Әлия Молдағұлованың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында мектеп ауласына ескерткіш қойылды.

Қазақтың даңқты қызы – ел басына күн туған шақта халқын, жерін жауға бермеу үшін атқа қонған қазақтың батыр қыздарының ізбасары. Оның тағдыры мен жауынгерлік жолы әдебиетте, музыкада, кино мен театрда кеңінен дәріптеліп келеді. Ал ерлігі мен тағылымы жыл өткен сайын жаңғырып, жаңара бермек.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі.

QALQAN: ЦИФРОВОЙ ЩИТ ОСМС УСПЕШНО ВНЕДРЕН В МЕДИЦИНСКИХ ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ



Исполняющий обязанности директора филиала Фонда социального медицинского страхования по области Жетісу Арыстанбек Утегулов рассказал о новой цифровой платформе Qalqan, которая внедряется в рамках модернизации системы обязательного социального медицинского страхования.

— Что такое Qalqan и для чего была создана эта платформа?

— Qalqan — это единая цифровая платформа финансирования здравоохранения, которая внедряется в рамках модернизации системы обязательного социального медицинского страхования. Основная цель платформы — обеспечить прозрачность финансирования медицинских услуг, повысить эффективность контроля и автоматизировать процессы оплаты медицинской помощи. Мы называем ее цифровым щитом системы ОСМС, поскольку она помогает защитить интересы пациентов и обеспечивает прозрачность оказания медицинских услуг.

— Какие задачи решает платформа Qalqan?

— Платформа автоматизирует учет и проверку оказанных медицинских услуг, позволяет контролировать целевое расходование средств ОСМС, выявлять возможные ошибки и необоснованные начисления, а также ускоряет финансовые расчеты с медицинскими организациями. Кроме того, система интегрируется с государственными информационными ресурсами, что способствует повышению качества и достоверности данных.

— Какие преимущества получит система здравоохранения от внедрения Qalqan?

— В первую очередь это повышение прозрачности и эффективности использования средств ОСМС. Платформа позволит сократить административные процедуры, усилить контроль качества данных и обеспечить более оперативное взаимодействие между медицинскими организациями, Фондом социального медицинского страхования и государственными органами. В конечном итоге это будет способствовать повышению качества медицинской помощи населению.

— Повлияет ли внедрение Qalqan на пациентов? Нужно ли им регистрироваться в новой системе?

— Нет, пациентам не потребуется проходить регистрацию или устанавливать какие-либо дополнительные приложения. Платформа предназначена для медицинских организаций и государственных структур. Все привычные медицинские услуги, включая запись к врачу, получение результатов обследований и другие сервисы, останутся доступными через действующие информационные системы здравоохранения.

— Почему платформа получила название Qalqan?

— В переводе с казахского языка слово «Qalqan» означает «щит». Это название отражает основную функцию платформы — защищать интересы пациентов, обеспечивать прозрачность финансирования медицинской помощи и укреплять доверие граждан к системе ОСМС.

В настоящее время проводится цифровизация всех поставщиков на платформе «Qalqan».

— Как продвигается внедрение платформы Qalqan в медицинских организациях области Жетісу?

— В настоящее время проводится цифровизация всех поставщиков на платформе «Qalqan».

По состоянию на 10 июня 2026 года на платформу «Qalqan» перешли 59 из 59 медицинских организаций (100%), оказывающих медицинскую помощь в рамках ГОБМП и в системе ОСМС.

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования».

Сахарная свекла - ценная техническая культура

Выращивание сахарной свеклы в сравнении со многими другими сельскохозяйственными культурами обеспечивает получение с одного гектара посева более высокой доходности. Практика показывает, что введение в севооборот сахарной свеклы способствует общему подъему культуры земледелия. По Жетісу области сахарная свекла в основном выращивается на поливных землях. Так как эти участки орошаемые они очень засорены сорными растениями, значит на них нужно проводить химические и технические меры борьбы. У нас в основном по Саркандскому району на сахарной свекле лидируют такие сорные растения как : марь белая, лебеда раскидистая, вьюнок полевой, щирица запрокинутая.

Меры борьбы:

- 1) Применение почвенного гербицида: Дуальд Гольд норма расхода-1,3-1,6 л/га, Пирамин-Турбо, 52% к.э. (хлоридазон, 520 г/л) норма расхода 3,0-5,0 л/га;
- 2) Боронование до и после отрастания всходов;
- 3) Химические меры борьбы: Лонтрел-опрыскивание посевов в фазе 1-3 пар настоящих листьев культуры 0,3-0,5 л/га. Зеллек супер , в фазе 2-6 листьев 0,3-0,5 л/га, Пантера опрыскивание посевов от 2-3 листьев до стеблевания у сорняков. Шогун против однолетних 0,8-1,0 л/га, против многолетних 1,0-1,5 л/га;
- 4) Повилика-опрыскивание посевов в фазе 2-3 пар настоящих листьев культуры препаратом Керб норма 6,0 л/га, расход воды 600-700 л/га.

А. БЕГАЛИНОВА,

герболог Саркандского районного филиала РГУ «РМЦФДиП».

Корневая гниль сахарной свеклы

Большой проблемой на посевах свеклы в последние годы стали корневые и прикорневые гнили, приводящие к значительным потерям урожая и сводящие на нет все усилия аграриев.

Корневые гнили вызывают несколько видов фитопатогенных грибов (родов Fusarium, Pythium, Rhizoctonia, Phoma), обитающих в почве, и сохраняющихся в почве и растительных остатках. Наиболее распространенными и вредоносными являются фузариозная, гелиминтоспориозная и офиолезная корневые и прикорневые гнили. На одних и тех же посевах можно обнаружить несколько видов возбудителей заболеваний. Распространение корневых гнилей может быть неравномерным. Болезнь может являться причиной уменьшения всходов, ухудшения их качества, и в годы сильного развития корневых гнилей потери могут составлять 15-40%. Различные виды заболевания вызывают сходные симптомы поражения. Болезнь проявляется чаще при насыщении севооборота сахарной свеклой, что особенно актуально для профилирующих предприятий, которые регулярно выращивают сахарную свеклу. Правильное чередование культур в севообороте является основным профилактическим средством против гнилей корней и других болезней. Возвращать свеклу на прежнее поле можно ранее как через 3-4 года. Образование корневых гнилей свеклы также стимулирует чрезмерное внесение в почву минеральных азотных удобрений.

Меры борьбы: 1. Улучшение уровня агротехники; 2. Севооборот; 3. Применение устойчивых сортов и семян высокого качества.

Д. ҚАЙЫРБЕКҰЛЫ,

фитопатолог Саркандского районного филиала РГУ «РМЦФДиП».

Әкеміз Өнербекұлы Саяқ 1926 жылдың 23 қаңтарында Алматы облысының (қазіргі Жетісу облысы) Сарқан ауданына қарасты Бөрлітөбе ауылдық округінің Көкжиде ауылында дүниеге келген. Әкесі Сегізбайұлы Өнербек пен анасы Әлімбайқызы Бибіш қарапайым ауыл шарушылығымен айналысып, адал еңбекті өмірлеріне серік еткен жандар болған. Әкеміздің балалық шағы ауылдың еңбекке толы тынысымен аста-сып өтті. Ата-анасының тәрбиесін көріп өскен әкеміз Өнербекұлы Саяқ жастайынан еңбекқорлықты, үлкенге құрмет пен кішіге ізеттілікті бойына сіңіріп өсті.

Алайда тағдыр оған ерте сынақ дайындады. Әкесі Өнербек Сегізбайұлы дүниеден ерте өтіп, әкеміз Саяқ Өнербекұлы әке мейірімін сезінбеді. Балалық шағы ел өміріндегі ауыр кезеңдермен тұспа-тұс келгенімен, ол жастайынан еңбекқорлық пен төзімділікті бойына сіңіріп өсті. Алайда бұл қиындықтар оның жігерін жасыта алған жоқ.

Осындай қиын кезеңде немерелес ағасы Қалқабайұлы Шәкен атамыз қамқорлық жасап, қанатының астына алды. Шәкен ағасының жанашырлығы мен қамқорлығы әкеміз Саяқ Өнербекұлына азамат болып қалыптасуына, өмірдің қиындығына мойымай өсуіне үлкен ықпал етті.

Жоқшылық пен ауыр тұрмысқа қарамастан әкеміз Саяқ Өнербекұлы қайсарлық танытып, адал еңбек пен адамгершілікті өмірлік ұстанымына айналдырды.

Білімге құштар әкеміз Өнербекұлы Саяқ 1934 жылы Октябрь орта мектебінің табалдырығын аттап, 1944 жылы үздік бітіріп қоғамдық жұмыстарға белсене араласты.

Соғыс жылдарының ауыр кезеңінде елге қызмет етудің маңызын ерте түсінген әкеміз Өнербекұлы Саяқ әбден еңбекпен шыңдалып, өмірдің талай сынағынан сүрінбей өтті. Жастайынан қайсарлық пен төзімділікті серік еткен әкеміз кейін Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, әскери борышын абыроймен атқарды.

1945 жылдың қаңтар айынан бастап майдан даласында Свердлов облысы Белояр ауданының 374- атқыштар полкі құрамында болды. Кейін 83-жеке атқыштар батальонында автоматшы болып, Отан алдындағы қасиетті міндетін адал орындады.

Ерлігі мен жауынгерлік еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, келесі марапаттарға ие болды: - «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалі; - «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске жиырма жыл» мерейтойлық медалі.

Әкеміз Өнербекұлы Саяқтың өмір жолы-кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық ерлік пен отансүйгіштіктің жарқын өнегесі. Әкеміздің майдандағы жанқиярлығы мен бейбіт өмірдегі адал еңбегі ел жадысы мен ұрпақтарының жүрегіне мәңгі сақталады.

Майданнан елге аман-есен оралғаннан кейін 1948 жылы әкеміз анамызды, ағасы Қабдолда атаның шаңырағына келін етіп түсірген. Сол кезеңнің тұрмыс жағдайына қарамастан, Қабдолда ата ағалық қамқорлығын танытып, ағайын-туыстың басын қосып, шағын болса да ақ дастархан жайып, келін түсіру тойын жасап берген екен.

Бұл сол заманның кеңпейілдігі мен бауырмалдық дәстүрін айқын көрсететін өнегелі іс болатын. Әкеміз ел еңсесін көтеріп, халық шаруашылығын дамыту жолындағы игі істерге белсене араласты. Өндіріс пен ауыл шаруашылығы салаларында түрлі жауапты қызметтер атқарып еңбекқорлығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында әріптестерінің де, басшылықтың да зор құрметіне бөленді. Әкеміз Өнербекұлы Саяқ соғыстан кейінгі жылдары әр түрлі қызметтерде болып өндіріс пен ауыл шаруашылығы салаларында түрлі жауапты қызметтер атқарды.

1951-жылдардың ортасында өндірістік жүйеде қызмет атқарып, гидротехник мамандығы бойынша еңбек жолын жалғастырды.

Су шаруашылығы мен өндіріс саласындағы маңызды жұмыстарға белсене қатысып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосты.

1955-1961 жылдар аралығында Сарқан ауданындағы «Коммунизм» колхозында механизация саласы бойынша бухгалтер болып еңбек етті.

Бұл кезеңде ауыл шаруашылығының нығаюына, техникалық әлеуетінің артуына және тиімді жұмыс істеуіне елеулі үлес қосты.

Кейіннен қойма меңгерушісі, құрылыс

Адамның өмір жолы артында қалған ізгі ісімен, елге сіңірген адал еңбегімен өлшенеді. Уақыт өткен сайын қарапайым еңбек адамдарының қоғамға қосқан үлесі айқындала түседі. Солардың бірі-саналы ғұмырын адал еңбекке, ел игілігіне арнаған ардақты әкеміз Өнербекұлы Саяқ. Әкеміздің өмір жолы табандылықтың, жауапкершіліктің және туған жерге деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі болып табылады.



ҒАСЫР ҒҰМЫРДЫҢ ҒИБРАТЫ

бірлестігінің қызметкері және гидротехник инженер қызметтерін абыроймен атқарды, су шаруашылығы мен өндіріс саласындағы маңызды жобаларға қатысып, өңірдің дамуына өз үлесін қосты.

Қатардағы маманнан бастап су бөлімінің басшысы дәрежесіне дейін көтеріліп, іскерлігі мен біліктілігі дәлелдеді.

Өзінің біліктілігі мен тәжірибесін ел игілігіне жұмсаған әкеміз қандай қызмет атқарса да адалдықты, тәртіпті және жауапкершілікті өмірлік ұстанымы етті.

Өмірінің соңғы кезеңіне дейін Сарқан ауданының Қарабөгет ауылында тұрып, егістік жерлерді суландыру саласы бойынша көптеген игілікті істерді атқарып, маңызды мәселелерді шешті.

Әкеміз Өнербекұлы Саяқ — бір әулеттің ғана емес, тұтас бір өңірдің еңбек тарихында өзіндік орны бар азамат. Әкеміздің бойындағы қадір қасиеті мол еді - адамгершілік, қарапайымдылық пен еңбекқорлық қасиеттері, ар намысы мен әділдік пен шыншылдықтың ақ туын көтерген жан еді.

Өз ісінің хас шебері, ерен еңбегімен ел құрметіне бөленген аяулы әкеміз Өнербекұлы Саяқ ғибратты ғұмырында талай жоғары марапаттарды иеленіп, оның өнегелі істері мен жетістіктері дәуір үні болған белгілі газет-журнал беттерінде кеңінен насихатталды.

«Өкенің адал еңбегі — баласына мұра, жақсы аты-халқына өнеге» осы мақалды түйіндей келгенде әкеміздің адал еңбегі-ұрпағына қалдырған ең асыл мұрасы, ал жақсы аты мен жарқын істері-ел жадында сақталар мәңгілік өнеге. Адамның өмірдегі шынайы байлығы да осында.

Әкеміздің өнегелі өмір жолы кейінгі ұрпаққа еңбекқорлықтың, төзімділіктің және туған жерге қызмет етудің жарқын үлгісі болып қала береді.

«Өмірде өз соқпағын салып қана қоймай, соңына өшпес жақсылықтың ізін қалдырған, есімі ел есінде сақталған асыл жан. Сондай біртуар тұлға, айналасына нұр шашқан абзал азамат — Өнербекұлы Саяқ әкеміздің туылғанына ғасыр толды. 100 жылдық асын шілде айында береміз, әкеміз өз заманында тек бір отбасының ғана емес, тұтас бір қауымның тірегі, ел ағасы, ел әкесі бола білді. Оның игі істері, жетім мен жесірге қарайласып, мұқтаж жандарға қол ұшын созған мәрттігі кейінгі ұрпаққа үлкен өнеге.

Әкеміздің бойындағы ең асыл қасиеттің бірі — оның шексіз бауырмалдығы еді. Қапиза апамай, қарындастары Қатипа мен Сарқытжамалға деген қамқорлығы ерекше

болатын. Үйімізден қонақ үзілмей, Қапиза апамыз бен тәтелеріміз әр уақытта төрде отыратын. Ал қарындасы Сарқытжамал ауыр науқасқа шалдыққанда, бауырмалдықтың шынайы үлгісін көрсетті. Оны балашағасымен өз шаңырағына көшіріп алып келіп, өмірінің соңына дейін аялап күтті. Қарындасы дүниеден өткеннен кейін де артында қалған перзенттерін жетімсіретпей, бас-көз болып, қанатының астына алды.

Әкеміздің бізге — өз балаларына деген махаббаты да ерекше еді. Бізді әрқашан өз тілімен ерекше еркелетіп, мейірімін төгіп өсірді. Оның сол бір ыстық құшағы мен әрбір жылы сөзі бүгінде жүрегімізде мәңгілік сағыныш болып қалды.

Анамыз — шаңырақтың берекесі мен парасаттың үлгісі болды, бойына барлық мейірім мен жылуды жинаған, өмірдегі ең қымбат та қасиетті жан болды.

Анамыздың мінезі жібектей есіліп тұрған нәзік, жаны жомарт әрі өте әдемі болған. Сұлулық пен парасаттылықты қатар ұстаған анамыз өзінің кірпияз талғамымен, тазалығымен, ішкі мәдениетімен бізге және айналасына үлгі бола білді. Ол — тек бір отбасының ғана емес, бүкіл әулеттің құты, шаңырақтың алтын діңгегі мен берекесі болды. Аяулы анамыз өзінің алғашқы еңбек жолын Сарқан ауданы, Қарабөгет ауылындағы балабақшадан бастап, өскелең ұрпаққа саналы тәрбие бере жүріп, зейнет жасына дейін осы қасиетті салада табанды әрі адал еңбек етті.

Анамыз әкемізбен бірге қол ұстасып, үлкен өмір жолынан өтіп, 8 бала (4 ұл және 4 қыз) тәрбиелеп өсірді. Перзенттеріне дұрыс бағыт-бағдар берді, ұлттық құндылықтарды санасына құйды, адамгершілік қасиеттерді бойларына сіңірді. Ата-анамыздың бізге деген махаббаты — шексіз, ешбір дүниемен, байлықпен өлшенбейтін ұлы күш бола білді. Сол ұлы махаббат пен қажымас еңбектің арқасында бүгінде олардан тараған ұрпақтары өніп-өсіп, әр саланың мықты, белді мамандарына айналды.

Шаңырақтың тұңғышы, үлкен ағамыз Серік, әке жолын лайықты жалғап, су саласында абыройлы жұмыс істеді. Әке кәсібін ардақтаған мұндай сабақтастық — отбасымыздың үлкен мақтанышы.

Ал Берік ағамыз құрылыс саласында мастер, прораб болып еңбек етіп, елдің өркендеуіне, ғимараттардың бой көтеруіне өз үлесін қосты. Берік ағамыз қысқа ғана ғұмырында артына өшпес із, үлгілі өнеге және ешқашан ұмытылмайтын қадірлі есім қалдырды. Берік ағамыздың жарқын бейнесі көңіл төрінде мәңгі жасайды.

Ал қыздардың алды, Өрік әпкеміз Республикалық статистикалық басқармада жауапты қызмет атқарды. Өз ісіне деген адалдығы мен кәсібилігі үшін жиі-жиі мәртебелі республикалық грамоталармен марапатталды. Тіпті, осы мүлтіксіз, мінсіз қызметі жоғары бағаланып, Алматы қаласынан пәтер кілті де табысталған болатын.

Өмірдің ең ауыр сынағында — асқар таудай әкеміз өмірден өткен қаралы күндерде — бізге пана, көңілімізге демеу бола білген қамқоршымыз, аяулы Өрік әпкеміз еді. Ол кісі басымызға түскен ауыр қайғыны бірге бөлісіп, бауырлардың бірлігі мен татулығына үлкен септігін тигізді. Бірімізге қамқор бауыр, бірімізге ақылшы әпке болып, бауырласқан туыстықтың, қандастық жанашырлықтың туын әрдайым жоғары ұстады. Өз мүддесінен бауырларының амандығы мен болашағын биік қойған Өрік әпкеміздің жарқын бейнесі мен жасаған жақсылықтары жүрегімізде мәңгілік сақталады.

Мейіз әпкеміз адам жанының арашасы болған игілікті мамандықты таңдап, Талдықорған қаласындағы «Нұр-Авиценум» медициналық орталығында нефролог көмекшісі болып қызмет етеді. Елдің саулығы жолында аянбай еңбек етіп, айналасына мейірім төгіп жүрген абзал жан.

Мен, Сабира Саяққызы, тіл маманы бойынша бітіріп, ұзақ жылдар бойы білім саласында абыроймен қызмет атқардым. Саналы ұрпақ тәрбиелеп, ұлт руханиятына үлес қосып, бүгінде сол еңбектің зейнетін көріп отырған жайым бар.

Гүлнар сіңліміз Алматы қаласындағы медициналық колледжде дәріс береді. Ол медицина мен ұстаздықты ұштастырып, ел үмітін ақтайтын білікті де білімді болашақ мамандарды даярлауға өз үлесін қосып келеді.

Сырым бауырымыз ата-қоныстың берекесін кіргізіп, ауылда жеке шаруа қожалығын дөңгелетіп отыр. Әкеміздің майданда жазған өлең шумақтарын бауырым Сырым «Майдангер хаты» кітапшасының жарық көруіне зор еңбек сіңірді. Әкеміздің мұрасын жинақтап, ұрпаққа жеткізу жолындағы жанашырлығы мен табандылығы үшін бауырымызға алғысымыз шексіз.

Шаңырақтың тірегі, кенже бауырымыз Кенжебек Саяқұлы — құқық қорғау және мемлекеттік қызмет саласында зор биіктерді бағындырды. Ол Ақмола облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің (ҚАЖД) бастығы болып абыройлы қызмет атқарды. Ішкі істер министрлігінің (ІІМ) Әділет полковнигі шенін иеленіп, ел қауіпсіздігі мен заңдылықтың сақталуына елеулі үлес қосқан, отбасымыздың үлкен мақтанышы.

Бұл — ата-ана еңбегінің ең үлкен жемісі, ең биік шыңы.

«Өнегелі өмір жолдарымен ұрпағына үлгі болған ата-анамыздың еңбек шежіресі» — отбасымыздың ең қасиетті туындысы. Әкінішке қарай, асқар таудай әкеміз өмірдің кемеліне келіп, кемеңгер шағына қадам басқан 57 жасында мәңгілік сапарына аттанды.

Шаңырағымыздың берекесі мен жылуды болған асыл анамыз ұрпағының қызығын көріп, өмірдің талай белестерін абыроймен бағындырып, 73 жасында фәни дүниемен қоштасты. Өмір-адамға бір-ақ рет берілетін қымбат сый. Сол ғұмырды мәнді де мағыналы өткізіп, артында өшпес із қалдыру әр адамның бақыты. Ата-анамыз бізге тек өмір сыйлап қана қойған жоқ, сонымен бірге адалдық пен адамгершіліктің биік мектебін үйретіп кетті. Бүгінде арамызда жоқ болса да, асқар тау әкеміз бен аяулы анамыздың жарқын бейнелері жүрегімізде мәңгі сақталады, ал олар жаққан отбасылық береке оты ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып лаулап жана береді.

«Асылдан асыл туады» дегендей, бүгінде еңбегімен елге сыйлы болған ардақты ата-анамыздың соңында өшпес белгі, таусылмас береке болып қанат жайған үлкен әулет — алтын ұямыз бар. Ата-анамыз жаққан отбасылық береке отынан бүгінде 8 перзент өрбіп, олардан тараған 18 немере мен 40 шөбере өмір айдынында өз жолдарын тауып келеді. Осы бір үлкен бәйтеректің бұтақтарындай жайқала өсіп-өнген ұрпақ — ата-анамыздың ғұмырлық еңбегінің ең үлкен жемісі, артына қалдырған ең басты байлығы мен сарқылмас мұрасы. Ата-анамыздың есімі мен бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

**Сабира ӨНЕРБЕКОВА,
Қарабөгет ауылы.**

Өнеге өзімізден

Таңертең үйге келе жатсам, кіреберісте жазу ілініпті: «Құрметті, көршілер! Бүгін шамамен 9.20 үйге кіретін есіктің маңында 120 сом жоғалды. Тапқан адам 76 пәтердегі жалғызбасты анаға апарып бере салыңыздаршы! Зейнетақысы – 15 мың ғана екен». Әмиянымды ашып 120 сомды ыңғайлап қолыма алып, әлгі пәтерге барып, қоңырауын бастым. Ақша ұстаған қолымды соза беріп едім, есік ашқан кісі бас салып құшақтай алды. Сасып қалдым. Бірдеңелерді айтып, көзінің жасын сүртіп жатыр. Не болғанын түсінбей қалдым. «Ұн әкелуге шығып едім. Келгенде қалтамнан кілтіді алдым, сол кезде түсіріп алған шығармын». Бірақ! Ақшаны алмады. Бүгіндікке оның ақшасын тапқан алтыншы адам екенмін! Адамдар! Мен сендерді жақсы көрем!

Бірнеше ай бұрын шашым түгел түсіп қалды. Терапия көмектеспеді. Қыз балаға шашсыз сабаққа бару сұмдық қой деп қорықтым. Жұрттың бәрі маған тесіліп қарайтын болады. Бүгін сабаққа барам деген күні есік алдында он досым күтіп алды. Бәрі шаштарын алдырып тастапты. Оның екеуі қыздар.

Асханада жұмыс істеймін. Бүгін таңертең бір азамат келді. Кассадағы кезегі жеткен соң «Менің артымда тұрған қыздың кофесін мен төлеп кетейін. Менен оған «Қайырлы күн!» тілей салыңызшы» деді. Ол кеткен соң қыз оның қылығына таң қалды. Көп ойланбастан өзінен кейін тұрған адамға ол да солай жасады. Осылай бес адам бірінен соң бірінің кофесін төледі! Жақсы күн болды!

Әлеуметтік желіден.

Сен туған күн, мерекеліен!

Сарқан қаласының тұрғыны, өз ортасына сыйлы, қадірлі әріптесіміз **Қожабеков Талғат Серікұлын** ердің жасы елу жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Қызмет жолын 1999 жылдан бастаған ардақты әріптесіміз ауыл шаруашылығы және жер қатынастары салаларында қажырлы еңбек етіп, саялы Сарқан өңірінің өсіп-өркендеуіне бір кісідей үлес қосып келе жатыр деуге болады.

Құрметті әріптес! Елу жас – ердің еселі еңбегі мен өмірлік тәжірибесі тоғысқан, парасат пен кемелдікке толы мерейлі белес. Осы айтулы жасыңыз құтты болсын!

Мерейіңді өсірер мерейтойда мықты денсаулық, отбасылық бақыт, еңбегіңе толағай табыс тілейміз. Өрдайым абырой биігінен көрініп, әріптестеріңіздің сый-құрметіне бөлене беріңіз. Аман – есен зейнет жасқа жетіп, қуаныш пен жақсылықтың ортасында жүре беріңіз! Өміріңіз мәнді де сәнді, бақ-береке серік болып, әрбір атқан жаңа таң жарқын болсын!

Ең бастысы Талғат әріптесімізге денің сау, ғұмыр жасың ұзақ болсын деп тілейміз.



Ізгі ниетпен: аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі.

Одним из приоритетных направлений деятельности Департамента Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по области Жетісу является совершенствование процессов оказания государственных услуг и повышение уровня удовлетворенности услугополучателей.

В рамках данной работы Департаментом на постоянной основе проводится анализ правового регулирования сферы оказания государственных услуг. Особое внимание уделяется выявлению коллизий и пробелов в за-

конодательстве, административных барьеров, а также норм, допускающих неоднозначное толкование и различную практику применения.

Наряду с этим, осуществляется оценка уровня автоматизации государственных услуг и технических возможностей государственных органов. Изучаются вопросы функционирования и интеграции информационных систем, а также перспективы перевода государственных услуг в электронный формат в целях повышения их доступ-

ности и удобства для граждан.

По итогам II квартала текущего года, Департаментом выработано 12 предложений по совершенствованию процессов оказания государственных услуг, преимущественно в сфере земельных отношений. В частности, предложения касаются государственных услуг «Приобретение прав на земельные участки, находящиеся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (аукционов)», «Продление срока аренды зе-

мельного участка» и «Предоставление земельного участка из земель поселка, села».

Разработанные инициативы направлены на дальнейшее развитие проактивного формата предоставления государственных услуг, внедрение принципа «одного заявления», совершенствование электронного взаимодействия, а также повышения качества обслуживания населения.

Проводимая работа способствует повышению эффективности деятельности государственных органов, снижению административных барьеров, повышению доступности государственных услуг и обеспечению реализации прав и законных интересов граждан.

•Еске алу

ЖҮРЕГІ ӨНЕР ДЕП СОҚҚАН...

Өткен жылы тірлік сапары шектеліп, қабірстан тұрғыны болғанына жыл толып отырған Бүкілодақтық байқаулардың конкурстардың лауреаты, Қазақстанның білім саласының үздігі, ауданның Құрметті азаматы, газетіміздің жанашыры Шәкен Жұманова 1934 жылы 19 маусымда Қызылжар колхозында дүниеге келген.

Әкесі Мұхтар қан майданнан оралмай артынан қара қағаз келгенде Шәкен апа тұлымшағы желбіреген қыз болыпты. Шәкен Мұхтарқызы 1957 жылы бала кезден бірге өсіп, өнер жолында бірге жүрген Бегімбай Жаркеновке тұрмысқа шығып, өмірге 1 қыз, 2 ұл әкелген ана. Жастайынан өнер жолын таңдаған ол күй атасы Құрманғазы атындағы консерваторияның түлегі. Құрманғазы атындағы академиялық оркестрдің құрамында шет ел сахналарында өнер көрсеткен Шәкен Мұхтарқызы жоғарғы оқу орнын оқып жүргенде атақты композиторлар Ахмет Жұбанов пен Мұқан Төлебаевтан дәріс алғанын мақтанышпен еске алатын. Өнердің өз перзенті ұзақ жыл еліміздің мәдениет қызметкерлерін дайындайтын оқу орындарында дәріс берді.

Жан едің нұр төккен өңінен,
Өнердің өзіндей керім ең,
Жәннаттың бағында қалықта,
Орын ап пейіштің төрінен...



«Сарқан» газетінің ұжымы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

►Открылось наследство после смерти **Онуприенко Сергея Михайловича**. Наследников просим обратиться к нотариусу Алиевой Асем Избасаровне по адресу г. Сарқан, ул. Чепрасова дом № 56 возле Казпочты.

►**Жунисов Бакыткали Макаевичтің** атына тіркелген 1991 жылғы MERCEDES BENZ 220 маркалы автокөліктің № WOB 1240221CO68118 нөмірлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

БАСПАСӨЗ - 2026

Құрметті оқырмандар! Аудан тынысымен танысып, осы өңірдің өткені, бүгінгі және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе **SARQAN** газетіне екінші жарты жылдыққа жазылыңыз! Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

Жеке жазылушылар үшін индексі 65202, жарты жылдық бағасы - 3086 теңге.

Мекеме-ұйымдар үшін индексі 15202, жарты жылдық бағасы - 3586 теңге.

Зейнеткерлер үшін индексі 35202, жарты жылдық бағасы - 2586 теңге.